



## ИНТЕРНЕТ ЭКВАЙРИНГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША САУДА ЖӘНЕ СЕРВИС КӘСІПОРЫНДАРЫНА (КОММЕРСАНТҚА) ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы Интернет эквайрингі қызметтері бойынша сауда және сервис кәсіпорындарына (Коммерсантқа) қызмет көрсету шартының жалпы талаптары «ForteBank» АҚ (бұдан әрі - Банк) ресми интернет-сайтында [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша жарияланған, Коммерсанттың қосылуы туралы өтініштің (бұдан әрі – Коммерсанттың қосылуы туралы өтініш) ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі талаптарын қамтиды, бірлескен бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі-Шарт) білдіреді. Банк интернет эквайрингі қызметтерін көрсетуге бағытталған Коммерсанттың қосылуы туралы Коммерсант ұсынған өтінішті белгіленген тәртіпте қабылдаған күннен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

Коммерсант Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Шарттың талаптарын оқығанын, түсінгенін және келіскенін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

### 1. ОСЫ ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шарт мәтінінде пайдаланылатын терминдер мен белгілердің Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген, сондай-ақ осы бөлімде келтірілген мағыналары бар:

- 1.1. **Авторизация** – Банктің Эмитенттен Карточка ұстаушының Карточканы пайдалана отырып операция жүргізуіне рұқсат сұрауының және одан кейін алуының рәсімі. Көрсетілген рұқсаттама әрбір нақты Карточкалық операцияны сәйкестендіретін бірегей кодты (Авторизация коды) қамтиды;
- 1.2. **Авторизациялық сұрау салу** - Карточканы ұстаушы Коммерсанттың тауары/жұмысы/қызметі үшін төлем жасау кезінде Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып төлем жасау шеңберінде Авторизациялау рәсімін жүргізу үшін Эмитентке қажетті ақпаратты қамтитын, Коммерсант тиісті форматта трансляциялайтын электронды хабарлама.
- 1.3. **Эквайер-банк немесе Банк** – «ForteBank» акционерлік қоғамы;
- 1.4. **Қайтарымды карточкалық операция** – Карточканы ұстаушының шотынан бұрын жасалған Карточкалық операция бойынша тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлем жасаған кезде есептен шығарылған ақшаны (толығымен немесе бір бөлігін) Карточканы ұстаушыға қайтару қажеттілігі туындаған кезде жасалатын есеп айырысу операциясы;
- 1.5. **Карточканы ұстаушы** – Карточканы беру туралы шартқа сәйкес Карточканы пайдаланатын жеке тұлға;
- 1.6. **Қамтамасыз ету шарты** - Коммерсанттың Банк алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында және Банк белгілеген тәсілге байланысты, қажет болған жағдайда, Банк пен Коммерсант арасында жасалатын шарт.
- 1.7. **Интернет-ресурс** – Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері туралы мәліметтерді ұсынуды, Коммерсанттың тауарларын/жұмыстарын/ қызметтерін сатып алушыларға сатуды қамтамасыз ететін интернет-сайт немесе мобильді қосымша;
- 1.8. **Интернет эквайрингі** – карточканы пайдалана отырып, оның ішінде мобильді құрылғыларды пайдалана отырып, интернет желісінде жасалатын операциялар бойынша тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін ақы төлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық коммерцияның құрамдас бөлігі ретіндегі Эквайер-банктің қызметі.
- 1.9. **Карточка** – электронды төлем құралы, карточкада оны ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы Карточка эмитенті белгілеген және оның талаптарында төлемдерді және басқа да операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған;
- 1.10. **Карточкалық операция (Транзакция)** – Карточканы ұстаушының тапсырмасы бойынша оның Коммерсанттан тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатып алуы мақсатында Интернет-ресурста жүргізілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына сәйкес Карточканы пайдалана отырып жүзеге асырылатын есеп айырысу операциясы;
- 1.11. **Карточкалық жүйе** - Банктің Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруын және осы операциялар бойынша есеп айырысу жүргізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар мен ұйымдастырушылық-техникалық шешімдер жиынтығы;
- 1.12. **Авторизациялау коды** – Карточкалық операцияны растау (рұқсат) коды;
- 1.13. **Терминал коды** - әрбір Интернет-ресурс үшін Банктің Карточкалық жүйесі тағайындайтын және Банкке Карточкалық операцияларды қабылдау және өңдеу үшін қажетті сәйкестендіру нөмірі. Бір Интернет-ресурс шеңберінде Банк әртүрлі тауар топтары үшін немесе егер мұндай бөлу ХТЖ қағидалары бойынша талап етілсе,

- бірнеше және әртүрлі Терминал кодтарын тағайындай алады;
- 1.14. **Коммерсант** - Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сатумен айналысатын және сатылатын тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер үшін төлем ретінде Карточкаларды немесе олардың деректемелерін қабылдайтын заңды тұлға не дара кәсіпкер;
  - 1.15. **Лимит** - Банктің ішкі қағидаларына сәйкес белгіленетін Банктің әрбір Терминал коды бойынша төлемдерді қабылдауға қойылатын шектеулер;
  - 1.16. **Жеке кабинет** – бағдарламалық қамтамасыз ету функционалына сәйкес Банкке Коммерсантпен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға және интернет эквайрингі қызметтерін көрсету кезінде тиісті сервисті ұсынуға мүмкіндік беретін веб-сайт арқылы Банк қолдайтын интерфейс. Жеке кабинетті пайдалану тәртібі Коммерсантқа интернет эквайрингі қызметін қосу кезінде ұсынылатын нұсқаулықта бар.
  - 1.17. **Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ)** – Карточкаларын Карточкалық операцияларды жүзеге асыру үшін Коммерсант қабылдайтын халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және Карточкалық операциялармен алмасу жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі жұмыс істеу қағидаларын белгілейді және валюталарды тиісті түрде айырбастай отырып, Халықаралық төлем жүйесінің мүшелері арасындағы операциялар бойынша клирингілік есеп айырысуларды жүзеге асырады;
  - 1.18. **Тізбелер** – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасайтын террористік қызметке қатысы бар тұлғалар тізімі, сондай-ақ жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі және/немесе терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі;
  - 1.19. **Төлем сілтемесі** – Коммерсант Жеке кабинетінде қалыптастыратын және Банктің төлем парақшасына қосылмаған интернет-сайты/ әлеуметтік желілердегі парақтары арқылы тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату кезінде төлем жасау үшін электрондық пошта, мессенджер немесе кез келген басқа тәсілмен жіберілетін тапсырыс деректері бар бір реттік шот;
  - 1.20. **Жұмыс күні** – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері банк операцияларын жүргізу үшін ашық күн;
  - 1.21. **Тізілім** – өткен күнтізбелік күн үшін (немесе Тізілім бірнеше демалыс/мерекелік демалыс күні үшін жасалатын болса, есептік кезең үшін) сомаларды көрсете отырып, Банк жасаған және Банк өндеген барлық Карточкалық операцияның тізбесін қамтитын электрондық нысандағы есеп. Тізілімнің форматы Шарттың №4 қосымшасында көрсетілген;
  - 1.22. **Карточканың деректемелері** – Карточкада қамтылған және/немесе Эмитенттің ақпараттық жүйесінде сақталатын, мыналарды қамтитын ақпарат: Карточканың оны ұстаушыға және(немесе) Эмитентке және төлем карточкалары жүйесіне тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін нөмірі, қолданылу мерзімі, төлем карточкалары жүйесінің атауы;
  - 1.23. **PCI DSS стандарты** (Payment Card Industry Data Security Standard) – төлем карталары индустриясының деректері қауіпсіздігінің стандарты. Бұл стандарт төлем карталарын өндеуге тартылған барлық ұйымға қолданылады;
  - 1.24. **Карточканы ұстаушының шоты** – Карточканы ұстаушының Карточканы пайдалана отырып операциялар жүргізетін банктік (ағымдағы) шоты;
  - 1.25. **Коммерсант шоты** – сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау үшін қолданылатын Коммерсанттың ағымдағы шоты;
  - 1.26. **Токен** - Карточканы тіркеу кезінде Банктің токендеу жүйесі арқылы құпия деректермен салыстырылатын бірегей идентификатор;
  - 1.27. **Токендеу** - Карточка деректерінің құпия элементін құпия емес баламаға – Токенге ауыстыру процесі;
  - 1.28. **Фрод (Fraud)** – Банк, Карточканы ұстаушы мүддесіне немесе ХТЖ-ң басқа қатысушыларына залал келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп жіктеген, Комерсант тарапында, оның филиалдарын (карточкалар бойынша қызмет көрсету пункттері) қоса алғанда, жүзеге асырылған, сонымен қатар төлем карталарының эмитенті екінші деңгейдегі банк болған барлық жағдайларда, Карточка немесе оның деректемелері арқылы жасалған заңсыз, алаяқтық немесе басқа (әдейі қате, күмәнді және с.с.) әрекеттер;
  - 1.29. **Эмитент** – Карточканы шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;
  - 1.30. **Chargeback** – Коммерсант тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда немесе Эмитентке Карточканы ұстаушының шотынан төлем жүргізілген, осы шоттан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы өтініші келіп түскен жағдайда Эмитенттің даулы Транзакция сомасын Карточканы ұстаушыға қайтару қажеттігі туралы талабы;
  - 1.31. **Retrieval request (іздеу үшін сұрау салу)** – Эмитенттің Транзакциялар бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін сұрауы;
  - 1.32. **3D Secure** – интернет желісінде Карточканы ұстаушылар жүзеге асыратын Карточкалық операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аутентификация технологиясы.

## 2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Шарт Банктің Шарт талаптарына сәйкес төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыруын немесе осы төлемдер бойынша ақша қабылдауын қоса алғанда, Карточканы ұстаушылардың ХТЖ Visa, MasterCard, UnionPay

карточкаларының деректемелерін пайдалана отырып, интернет желісінде тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің ақысын төлеуіне байланысты төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізуі аясында Банктің интернет эквайрингі қызметтерін көрсетуі кезінде Банк пен Коммерсант арасындағы қатынастарды реттейді;

2.2. Осы арқылы Коммерсант мыналарды растайды және кепілдік береді:

- Банкпен Шарт бекітуі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ХТЖ талаптарына және Коммерсанттың құрылтай құжаттарының ережелеріне қайшы келмейтінін (*егер Коммерсант ретінде заңды тұлға қатысса*);

- Коммерсанттың қызметі заңды екенін және Коммерсант мұндай қызметтің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, ХТЖ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететінін және Банкке Коммерсанттың қызметін жүзеге асыру кезінде осы кепілдіктің талаптарын бұзуына байланысты (немесе) талаптарда көрсетілген заңдылықтың бұзылуынан тікелей келтірілген залалдарды өтейтінін;

- барлық рұқсат құжаттары (егер мұндай құжаттар міндеттемелерді орындау үшін қажет болса), сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін, соның ішінде PCI DSS стандартын сақтау мақсатында қажетті дағдылары, білімі мен біліктілігі бар екенін;

- Коммерсант тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуды Қазақстан Республикасының заңнамасына, үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыратынын және мұндай үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқығы мен өзге де құқықтарын бұзбайтынын;

- Коммерсантқа, оның өкіліне, бенефициарлы меншік иесіне немесе басқару, меншік құрылымындағы өзге қатысушыларға, сондай-ақ онымен бірге бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға, контрагенттерге қандай да бір шектеулер немесе санкциялау сипатындағы шаралар қолданылмағанын, сондай-ақ олар әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын, кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялау тізімдеріне (әрі қарай – Санкциялар) енгізілмегенін.

### **3. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ АҚШАНЫ КОММЕРСАНТТЫҢ ШОТЫНА АУДАРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕРДІ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ**

3.1. Интернет-ресурс немесе Төлемдік сілтеме арқылы интернет желісінде тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Коммерсант түрлері Шарттың 2.1. тармағында көрсетілген Карточкаларды қабылдайды, ал Банк белгіленген комиссиялық сыйақыны ала отырып, Карточкалар арқылы сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер төлемі түрінде ақша, төлем және (немесе) ақша аударымдарын Коммерсанттың шотына қабылдайды. Коммерсанттың пайдасына Карточкалық операциялар жүргізілген кезде Банк, Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша ресми сайтында орналастырылған тарифтерге сәйкес комиссия ұстап қалады.

3.2. Банк Коммерсанттың шотына сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша ақша аударуды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырады. *Банктің Коммерсанттың шотына сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша шетел валютасында ақша аударуды Банктің келісімі негізінде жүзеге асырылады (Курсивпен көрсетілгені транзакцияларды шетел валютасында жүргізген, егер мұндай есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе, қолданылады).*

3.3. Шартқа сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу Банктің мұндай сыйақы сомасын Коммерсантқа аударылатын ақша сомасынан шегеру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Коммерсант Коммерсанттың төлеуі тиіс Банктің комиссиялық сыйақысы шегерілген төлем сомасын немесе Банкпен келісілген комиссия сомаларын кейіннен Коммерсанттың ағымдағы шотынан есептен шығару арқылы алады. Банк Коммерсантты қабылданған төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы және одан жүргізілген шегерімдер туралы хабарламамен қамтамасыз етеді.

3.4. Карточкалық операциялар бойынша сомалар Интернет эквайрингі қызметтеріне қосылу үшін Коммерсант толтырған Сауалнама-Өтініште (бұдан әрі – Сауалнама-Өтініш) көрсетілген Коммерсанттың шотына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде аударылады.

3.5. Банктің шотынан Коммерсанттың пайдасына ақшаны есептен шығару күні - ақшаны оның пайдасына аудару жөніндегі Коммерсант алдындағы міндеттемелерді орындау күні болып есептеледі.

3.6. Банк қолданыстағы ішкі талаптарға сәйкес Карточкалық операцияларды жүргізуге Лимит белгілейді. Карточкалық операциялардың көлемі белгіленген Лимиттерден және басқа шектеулерден асып ұлғайған жағдайда, Карточкалық операцияларды Банктің Карточка жүйесі қабылдамайды. Лимит Банктің қалауы бойынша Коммерсантқа міндетті түрде алдын ала хабарлау арқылы біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін. Коммерсант үшін Банк белгілеген операция жүргізуге лимиттер туралы ақпарат Сауалнама-Өтініште көрсетілген Коммерсанттың электрондық поштасына жіберіледі.

3.7. Карточканы ұстаушы тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді:

1) Интернет-сайтта таңдайды және Карточкамен төлеу тәсілін белгілейді; немесе

2) әлеуметтік желілерде таңдайды және Карточка арқылы төлем жасау үшін төлем сілтемесін алу мақсатында Коммерсантқа жүгінеді.

3.8. Шарттың 3.7.тармағында көрсетілген талаптарды орындағаннан кейін, Коммерсант карточканың деректемелерін енгізу және тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге төлем жасау жөніндегі операцияны жүргізу үшін:

- 1) Карточканы ұстаушыны төлем бетіне қайта жібереді; немесе
- 2) Карточканы ұстаушыға электрондық пошта, мессенджер немесе кез келген басқа тәсілмен төлем сілтемесін жібереді.

3.9. Шарттың 3.8.тармағына сәйкес Карточканы ұстаушыға қайта жіберген/жолдаған кезде, Коммерсант Авторизациялық сұрау салуды Карточкалық жүйеге жолдайды.

3.10. Шарттың 3.9.тармағына сәйкес Коммерсанттан Авторизациялық сұрау түскеннен кейін, Карточкалық жүйе Авторизациялық сұрау салудың Шарттың 3.6.тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.11. Карточканың деректемелерін алған соң, Карточкалық жүйе осы Карточка бойынша Авторизациялық сұрау салу сомасын төлеудің мүмкіндігін/мүмкін еместігін және Авторизациялық сұрау салудың Шарттың 3.6.тармағының, сондай-ақ ХТЖ қағидаларының талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.12. Шарттың 3.10. және 3.11. тармақтарына сәйкес тексеру жүргізілгеннен кейін және Шарттың 3.6. тармағының талаптарын ескере отырып, Карточкалық жүйе Карточка ұстаушыға және Коммерсантқа бас тартудың себебін көрсетіп, Авторизациялық кодпен оң нәтижесі жазылған не Авторизацияның теріс нәтижесі бар хабарламаны электрондық түрде жібереді.

3.13. Авторизацияның оң нәтижесі болғанда, Карточкалық жүйе Коммерсантқа Авторизацияның оң нәтижесі жазылған хабарламаны жолдайды, бұл ретте Коммерсант, кейіннен сауда чегі бар бетті сақтап алуы үшін, жүргізілген транзакцияның толық деректері жазылған ақпаратты сауда чегімен Карточка ұстаушының экранына шығарады, сондай-ақ сауда чегін Карточканы ұстаушы көрсеткен электрондық пошта адресіне және/немесе ұялы байланыс құрылғысына жібереді.

3.14. Сауда чегінде келесі ақпараттар болуы керек:

- 1) ХТЖ атауы;
- 2) Коммерсанттың қаласының атауы;
- 3) операция түрі (сатып алу);
- 4) құжаттың нөмірі, үзінді көшірменің күні, айы және жылы;
- 5) Коммерсанттың атауы және коды (бар болған жағдайда);
- 6) Карточка нөмірінің бастапқы алты және соңғы төрт саны;
- 7) Коммерсанттың интернет-ресурсының атауы;
- 8) Коммерсанттың интернет-ресурсының адресі;
- 9) тапсырыс нөмірі;
- 10) операция күні және уақыты;
- 11) валюта көрсетілген тапсырыстың құны;
- 12) Авторизация коды;
- 13) Карточка көмегімен төленген тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің тізімі;

Банк талап ететін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ХТЖ қағидаларына сәйкес көрсетілуі тиіс басқа да мәліметтер.

3.15. Авторизация нәтижесі оң болған кезде Эмитент Авторизация сомасына Карточканы ұстаушының шотындағы ақшаны бұғаттау бойынша Карточкалық операцияны жүргізед, Карточканы ұстаушымен бекітілген шартта осындай құқық бар болса.

3.16. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточканы ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алып қою белгіленген мерзімде автоматты түрде жүргізіледі (екі сатылы төлем операцияларына жатпайды).

3.17. Тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге төлем жасау шотына жасалатын ақша аударымын Банк Шарт талаптарына сәйкес Коммерсанттың шотына жүргізеді.

3.18. Банк келесі қосымша сервистердің (баптаулардың) қосылуына рұқсат береді:

1) **Транзакцияларды жүргізудің екі сатылы схемасы.** Бірінші кезеңде Карточкалық операцияны Авторизациялау, екінші кезеңде - осындай Карточкалық операция бойынша ақшаны есептен шығаруға бастамашылық ету жүзеге асады. Екінші кезең - Банк Коммерсанттың Карточкалық операцияны өңдеу қажеттілігін растайтын Авторизацияны аяқтау туралы Коммерсанттан сұранысты алғаннан кейін аяқталады. Екінші кезеңнің аяқталуына бастамашылық жасау бірінші кезең аяқталған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде не Коммерсант қызметінің түріне байланысты ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде жүргізілуге тиіс. Екінші кезең аяқталғаннан кейін Банк осындай Карточкалық операция бойынша ақшаны есептен шығару процесін жүзеге асырады. Егер Банк 7 (жеті) күнтізбелік күн өткеннен кейін не ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде Авторизацияны (екінші кезеңді) аяқтауға Коммерсанттан сұрау салу алмаған жағдайда, Банк мұндай операцияны есептен шығаруға және сәйкесінше оны одан әрі Коммерсант шотына аударуға кепілдік бере алмайды;

2) **Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу.** Карточкалық операцияны Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасындағы келісімге сәйкес Карточка деректемелерін қайта енгізбестен, келісімде алдын ала белгіленген, бірақ екі Карточкалық операция арасындағы бір жылдан аспайтын уақыт аралықтарында жүргізу. Бұл ретте Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасындағы Келісім, мұндай Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде Карточкалық операциялармен төлем жасалған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді тұрақты түрде ұсынуды көздеуі тиіс. Мұндай жұмыс моделінде, Карточка ұстаушының деректемелері Коммерсанттың Интернет-ресурсынан оңай алынып тасталуы тиіс. Коммерсант әрбір осындай транзакцияға бастамашылық еткен кезде Карточка ұстаушыдан Рекуррентті операцияларды жүргізуге тиісті келісімді алуға және электрондық құжатты өзінде сақтауға міндетті. Рекуррентті операциялармен жұмыс істеудің толық талаптары Шарттың 2-қосымшасында сипатталған.

3) **Токен арқылы төлемді қабылдау.** Токен арқылы төлем қабылдауды қолданған кезде Карточканы тіркеу барысында Банктің Токендау жүйесі арқылы құпия деректермен салыстыру жүргізіледі. Токенизацияны орындау кезінде Карточканың құпия деректерін тиісті балама-Токенге ауыстыру процесі жүзеге асырылады. Токендер бойынша төлем қабылдаумен жұмыс істеудің толық талаптары Шарттың 3-қосымшасында сипатталған.

3.19. Қосымша сервистерге (баптауларға) қосу/ажырату/қосудан бас тарту туралы шешімді Банк қосымша сервистер (баптаулар) бойынша, сондай-ақ Банктің уәкілетті органы бекіткен өзге де негіздер бойынша Коммерсанттың жазбаша өтініші (өтінімі) немесе Сауалнама-Өтініші негізінде қабылдайды.

Банк қосымша сервистерді (баптауларды) қосу үшін Коммерсанттан өз қалауы бойынша қосымша құжаттарды немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

#### **4. CHARGEBACK, КАРТОЧКАНЫ ҰСТАУШЫҒА АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ**

4.1. Банк Chargeback немесе Retrieval request алған (немесе егер Банк Эмитент-банк болып табылса, бастамашылық еткен) жағдайда, Банк Коммерсанттың тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағандығын растайтын құжаттарды Банкке ұсыну туралы қағаз жеткізгіштегі немесе электронды нұсқадағы жазбаша талабымен Коммерсантқа жүгінеді (операциялар дауланатын және көрсетілген құжаттар ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес ұсынылатын кезде). Эмитентке Карточканы ұстаушыдан Коммерсанттың Шарт бойынша төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы немесе Карточканы ұстаушының шотынан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда, Эмитент Chargeback-ке бастамашылық етеді.

4.2. Коммерсант Шарттың 4.1.тармаққа сәйкес талап етілген құжаттарды Банкке Банк бұндай талапты жолдаған күннен соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.

Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесі мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді және оны Коммерсанттың қызмет түріне және Эмитенттің/Карточканы ұстаушының сұрау салуының мәніне қарай Банк толықтыруы мүмкін:

1) сатылған тауардың/жұмыстың/қызметтің толық сипаттамасы;

2) тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар: Шарттың 3.14 тармағына сәйкес жасалған сауда чегі, бақылау (тауар) чегі, тауар жүкқұжаты, инвойс, тауарларды жеткізу/орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісі және т.б.;

3) Қонақ үй саласында қызмет көрсететін Коммерсанттар мыналарды қосымша ұсынады: қонақ портфолиосын, қонақтың тіркеу карточкасын, брондау және бас тарту саясатын;

4) Әуе/темір жол көлігімен тасымалдау саласында қызмет көрсететін коммерсанттар билеттің көшірмесін немесе отырғызу талонын, билеттерді брондау, сатып алу және қайтару саясатын (отырғызу талондарын) қосымша ұсынады.

4.3. Егер (а) Коммерсантта Шарттың 4.1.тармағына, 4.2.тармағына сәйкес Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар болмаса, (б) олар Шарттың 4.2.тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, (в) Коммерсант Карточканы ұстаушының алдындағы міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы фактімен келіссе, (г) егер Карточкалық операция ХТЖ-да жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод, басқа да заңсыз, оның ішінде даусыз тәптіпте ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес оны даулау мүмкіндігі жоқ деп танылса, нәтижесінде Банкке ХТЖ тарапынан тиісті санкциялар тағайындалса, Банктен тиісті Карточкалық операцияның сомасы ұсталып қалса (немесе осындай тағайындалғанға дейін, ұстап қалу және Банктің күтілетін санкция тағайындауды өтеуін қамтамасыз ету мақсатында соманы ұстап қалса), Банк көрсетілген ақша сомасын Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алуға немесе Банктің сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін Коммерсантқа аударатын ақшасынан ұстап қалуға құқылы.

4.4. Банкке ХТЖ санкция салғанға және оны Банктен ұстап қалғанға дейін Банк есептен шығарған Карточкалық операция сомасы ХТЖ талаптарында Карточкалық операциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін көзделген мерзімдерде Банктің шоттарында есепке алынады. Егер Карточкалық операциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткенге дейін мұндай санкциялар тағайындалып, сома Банктен ұсталынып қалатын болса, Банк Карточкалық операция сомасын ХТЖ-ға Шартқа сәйкес алынған/ұсталған қаражаттың есебінен өтейді және өзінің басқа құқықтарын Шартта белгіленген тәртіпте жүзеге асырады. Егер Карточкалық операциялар бойынша санкцияларды белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін Банкке мұндай санкциялар қолданылмаса, сома Банктен ұсталмайтын болса немесе ХТЖ сомасын Шартқа сәйкес Банк алған/ұстап қалған Карточкалық операцияның санкцияланғандығын мойындаса, Банк алынған/ұстап қалған ақшаны қайтаруға міндеттенеді.

4.5. Коммерсант Коммерсанттың шотында Шарттың 4.3.тармағына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етеді немесе Банктен мұндай талапты алғаннан кейін Шартта көрсетілген деректемелер бойынша дереу оларды Банктің шотына аударады. Сондай-ақ, Банк Шартта және Қамтамасыз ету шартында белгіленген тәртіппен, егер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Коммерсант ұсынған болса, қамтамасыз ету сомасының есебінен тиісті талаптарды қанағаттандыра алады.

4.6. Банктің Коммерсанттың шотына Карточкалық операциялар бойынша ақшаны аударуы мұндай Карточкалық операциялардың нақты және даусыз санкцияланғандығын мойындау болып табылмайды. Мұндай Карточкалық операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп танылуы мүмкін, оның ішінде белгіленген ХТЖ қағидаларына сәйкес



осындай Карточкалық операцияларды даулау мүмкіндігіңіз деп танылуы мүмкін. Шартқа қосыла отырып, Коммерсант Карточкалық операцияларды жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп тану ықтималдығына байланысты барлық тәуекелді өз мойнына алады және Банк Chargeback алған жағдайда (немесе егер Банк Эмитент болып табылса, бастамашылық еткен жағдайда), Карточканы ұстаушының шотынан Коммерсанттың нұсқауы бойынша Банк Карточканы ұстаушыға қайтарған ақшаны шартсыз қайтаруға міндеттенеді.

4.7. Банк осы Шартта белгіленген тәртіпте соманы алуды (есептен шығару) жүзеге асыру кезінде алынған (есептен шығарылған) сома валютасы Банк қайтарған сома валютасына сәйкес келмесе, Банк алынатын/есептен шығарылатын ақша сомаларын осындай операция жасалған кезде қолданыста болған Банктің қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу/сату бағамы бойынша Карточканы ұстаушыға қайтарылған соманың валютасына айырбастайды.

4.8. Банк санкцияланғандығы, заңдылығы, жарамдылығы күмән тудыратын Карточкалық операцияларды анықтаған жағдайда, Банк мұндай Карточкалық операциялар бойынша ақша аударуды тоқтатуға құқылы. Ақша аудару Карточкалық операциялардың санкцияланғандығын зерттеу мерзіміне, Карточкалық операция жасалған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге немесе ХТЖ қағидаларына сәйкес басқа мерзімге тоқтатылады. Коммерсанттың шотындағы ақшаға иелік етуге қатысты бөлігінде осы Шарт Коммерсантпен бекітілген банктік шот шартының талаптарын толықтырады, оған сәйкес Коммерсант шоты ашылған және жүргізіледі.

4.9. Егер Chargeback сомасы немесе Коммерсантқа қатысты мәлімделген Фрод сомасы көрсетілген проценттік қатынас асқан күннің алдындағы бір айдағы Коммерсанттың барлық Карточкалық операция сомасының 1% (бір процентінен) асатын болса немесе Банктің қалауы бойынша белгіленген басқа сомадан асатын болса, Банк Карточкалық операцияларды өңдеуді, сонымен қатар Коммерсанттың шотына 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге немесе ХТЖ қағидаларына сәйкес басқа мерзімге ақша аударуды тоқтата тұруға құқылы.

4.10. Банк Коммерсант тарапынан Карточкалық операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша наразылықтарды операция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, егер ХТЖ қағидаларында бұдан қысқа мерзім қарастырылса, осындай ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде қабылдайды. Банктің Коммерсант тарапынан операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша наразылықтарды белгіленген мерзімде алмауы Коммерсанттың осы операция бойынша төлем сомасын алғандығын растау болып саналады.

4.11. ХТЖ қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін Коммерсант тарапынан қойылған талаптар үшін Банк жауап бермейді.

## **5. ЖАРАМСЫЗ КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР**

### **5.1. Карточкалық операция жарамсыз деп танылады, егер:**

5.1.1. Карточкалық операция Шарттың 2.1.тармағында көрсетілмеген ХТЖ карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілсе;

5.1.2. Карточкалық операцияға Эмитент ХТЖ арқылы, Банк немесе Карточканы ұстаушы Фрод ретінде наразылық білдірсе;

5.1.3. Эмитент ХТЖ арқылы немесе Карточканы ұстаушы Банк арқылы наразылық білдірген Карточкалық операция бойынша Коммерсант ХТЖ қағидалары немесе Банктің көзқарасы бойынша Коммерсанттың әрекеттерінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсына алмайтын болса;

5.1.4. Шарттың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жасалса;

5.1.5. Карточкалық операция жүргізілген күні Карточканың жарамдылық мерзімі аяқталса;

5.1.6. Карточканы ұстаушы Карточканы пайдалана отырып төлеген Интернет-ресурстағы/әлеуметтік желі парақшасындағы тауардың/жұмыстың/қызметтің құны қолма-қол ақшамен төлеу кезіндегі тауардың/жұмыстың/қызметтің құнынан асатын болса;

5.1.7. Карточкалық операцияны жүргізу кезінде Эмитенттен Авторизациялау коды алынбаса;

5.1.8. Шарттың 7.3.16. тармағында көрсетілген талаптар бұзылса;

5.1.9. Карточкалық операцияны жүргізу кезінде пайдаланылған интернет-ресурс/әлеуметтік желілердегі парақша Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе;

5.1.10. Карточкалық операцияларды немесе Авторизациялық сұрау салуларды Банктің мониторинг жүйесі күмәнді деп таныса;

5.1.11. Жүргізілген Карточкалық операция бойынша Коммерсанттың қызметкерлері тарапынан заңға қайшы әрекеттер жасалғаны анықталса;

5.1.12. Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төленген тауар Коммерсантқа қайтарылған болса немесе жеткізілмеген болса, қызметтер/жұмыстар тоқтатылып немесе Карточканы ұстаушыға көрсетілмей/орындалмай, бірақ Карточканы ұстаушыға ақша қайтарылмаса (егер тауар/жұмыс/қызмет қабылданбаған немесе тауарды қайтару, жұмыстардан/қызметтерден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Коммерсанттың жұмыс істеу қағидаларында көзделмей және бұл туралы мәміле жасалғанға дейін Карточканы ұстаушыға хабарланған жағдайларды қоспағанда);

5.1.13. Карточканы ұстаушы бұрын төлеген тауарлар/жұмыстар/қызметтер акысы, оның ішінде басқа тәсілмен (құжаттамалық растамасы бар) қайта төленсе;

5.1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ-да белгіленген өзге де жағдайларда.

## **6. КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖОЮ немесе ҚАЙТАРУ**

6.1. Карточканы ұстаушы Карточкалық операция жүргізілген күні немесе Коммерсант ақшаны есептен шығарғанға дейін (екі сатылы операциялар үшін) ақшаны қайтарып алу үшін Коммерсантқа жүгінгенде Коммерсант Карточкалық жүйеге автоматтандырылған сұрау салу жіберу арқылы немесе Жеке кабинет арқылы мұндай операцияны жояды.

6.2. Карточкалық операцияны жою туралы келіп түскен сұрау салуға сәйкес Эмитент Авторизацияны бұғаттан шығарады, ал бұғатталған сома Карточканы ұстаушыға қолжетімді болады.

6.3. Авторизацияны тоқтатудың немесе бас тартудың сәтті жүргізілгендігі туралы ақпаратты алған жағдайда, Карточкалық жүйе Коммерсанттың Жеке кабинетінде жүргізілген Карточкалық операцияның статусын өзгерту арқылы Коммерсантты хабардар етеді.

6.4. Коммерсант ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырғаннан (екі сатылы операциялар үшін) кейін келесі немесе кез келген басқа күні Карточканы ұстаушы ақшаны қайтарып алу үшін Коммерсантқа жүгінгенде, Коммерсант мұндай операцияны Карточкалық жүйеге автоматтандырылған сұрау салу жіберу арқылы немесе Жеке кабинет арқылы қайтарады. Қайтару операциясын Банктің Карточкалық жүйесі 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Банктің Коммерсантқа сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін аударған ақшасынан Қайтарымды карточкалық операция сомасын шегеру арқылы жүзеге асырады. Карточкалық операцияны өз бетінше жою мүмкін болмаған жағдайда, Коммерсант Банктің электронды адресіне Карточкалық операцияның деректемелерін және қайтару/ішінара қайтару сомасын көрсете отырып, Карточканы ұстаушыға ақшаны қайтару туралы жазбаша нұсқау жібереді. Коммерсант Карточкалық операцияның сомасы шегінде ішінара қайтаруға бастамашылық ете алады.

## **7. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **7.1. Банк міндеттенеді:**

7.1.1. Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күні ішінде Коммерсантқа, Банк берген Интернет-дүкеннің сәйкестендіру нөмірін Коммерсанттың электрондық пошта адресіне хат жіберу арқылы хабарлауға немесе Интернет-дүкенді тіркеуден бас тартуға;

7.1.2. Шартта белгіленген мерзім ішінде Шартқа сәйкес айқындалған, Коммерсант төлеуі тиіс Банктің комиссиялық сыйақысын шегеріп, Карточкадан Коммерсанттың шотына ақша аударымын жүргізуге;

7.1.3. Карточканы пайдалана отырып төлемдерді Авторизациялауға арналған Банктің тікелей бақылауы бар Банктің техникалық жүйелері мен құрылымдық бөлімшелерінің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

7.1.4. Шартқа сәйкес банк Карточканы ұстаушыдан Банк алатын ақпараттың өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7.1.5. Карточкалық операцияны өңдеу күнінен кейін Коммерсанттың талабы бойынша Тізілімді қалыптастыруға және Коммерсантқа жіберуге;

7.1.6. Төлемдерге Авторизациялауды жүзеге асыру үшін қажетті байланыс арналары мен бағдарламалық жасақтаманың болуын қамтамасыз етуге;

7.1.7. Карточкалық операция нәтижелері бар электрондық хабарламалардың берілуін қамтамасыз етуге;

7.1.8. Коммерсантты Сауалнама-Өтінішінде көрсетілген электронды адресіне хат жолдау арқылы Банктің пікірінше санкцияланбау және алаяқтық белгілері бар деп анықталған Карточкалық операциялар туралы, мұндай Карточкалық операциялардың толық деректерін көрсете отырып, хабардар етуге;

7.1.9. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын уақытында және толық көлемде орындауға;

7.1.10. Операциялар бойынша есептілікті олар жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтауға;

7.1.11. Ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау, интернет желісінен сырттан рұқсатсыз кіру, сондай-ақ Банк қызметкерлерінің құпия ақпаратқа ішкі қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты Карточка ұстаушылардың құпия деректерінің жария етілуін болдырмау мақсатында Банктің желілік инфрақұрылымының сенімді қорғалуын қамтамасыз етуге;

7.1.12. Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы Карточкалардың деректемелерін пайдалана отырып, сонымен қатар Карточкалардың деректемелерін енгізуді қамтамасыз ету арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу операцияларын жүргізуді қамтамасыз етуге. Карточка деректемелерінің тізбесі ХТЖ қағидаларына сәйкес белгіленеді;

7.1.13. PCI DSS Стандартының барлық қолданыстағы талаптарын орындауға.

### **7.2. Банк құқылы:**

7.2.1. Кез келген уақытта, өз қалауы бойынша, Коммерсантты тексеруге (қызметін тексеруге), сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей Коммерсанттан Коммерсанттың қызметінің түрлері, Интернет-ресурсы, әлеуметтік желілердегі парақшасы, акционерлер (қатысушылар/құрылтайшылар, бенефициар меншік иесі туралы деректер, Коммерсанттың қызметін жүзеге асыруға рұқсатының бар-жоғы (қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілсе) туралы ақпаратты, ХТЖ талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, айналымдардың болуы, айналымдарды бұрын мәлімделген айналымдармен салыстыру, осы айналымдар бойынша тарифтердің, қызмет көрсетілетін карточкалар түрлерінің сәйкестігін анықтау үшін мәліметтерді және кез келген басқа қажетті ақпаратты сұратуға;

7.2.2. Егер Банк Chargeback алса (немесе бастамашылық етсе, егер Банк Эмитент банк болса), Коммерсанттан Коммерсанттың тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды талап етуге;

7.2.3. Келесі жағдайларда Коммерсанттың шотына ақша аудармауға, Банктің Коммерсантқа сатылған тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін аударатын ақшадан соманы ұстап қалуға немесе сөзсіз және даусыз тәртіпте (Коммерсанттың қосымша келісімдерін алусыз) Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға (алуға), бұған Коммерсант Шартта белгіленген басқа тәртіпте соманы есептен шығаруға немесе Банк талаптарын қанағаттандыруға сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді:

- 1) Шарт талаптарын бұза отырып жүзеге асырылған Карточкалық операциялар бойынша;
- 2) Эмитент және/немесе ХТЖ Фрод деп жариялаған, Chargeback/Dispute арқылы шығарылған Карточкалық операциялар бойынша;
- 3) санкцияланғандығы Банктің күдігін тудыратын Карточкалық операциялар бойынша, сондай-ақ анық қате, рұқсат етілмеген немесе даулы Карточка операциялар бойынша, Шарттың № 4 Қосымшасына сәйкес дау шешілгенге дейін (Карточкалық операция жүргізілген күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде);
- 4) Шарттың 5-бабына сәйкес Банк рұқсат етілмеген операциялар деп жариялаған Карточкалық операциялар бойынша;
- 5) Коммерсанттың Шарттың ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын немесе ХТЖ белгілеген қағидаларды бұзуына байланысты Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе басқа уәкілетті органдар қойған айыппұл, алымдар мен тұрақсыздық айыбы сомалары бойынша Банктің талабы;
- 6) Шарт бойынша Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу талабы;
- 7) Коммерсанттың Шартта көзделген міндеттемелерді және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, орындамауы, тиісінше орындамауы салдарынан келтірілген нақты залалдардың сомасы;
- 8) кателесіп аударылған сомалар;
- 9) Қайтарымды карточкалық операция сомалары;
- 10) Шартта көзделген негіздер бойынша өзге берешек;

7.2.4. Коммерсант жүзеге асыратын операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында, сондай-ақ Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы заңнама талаптарын орындау, клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін Коммерсанттан кез келген құжат пен ақпаратты ұсынуын талап етуге;

7.2.5. Егер Банк Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты екенін анықтаса, егер мұндай қызмет бойынша операцияларға қызмет көрсету үшін Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес қажетті рұқсатнамалары болмаса немесе авторлық құқықты бұза отырып және (немесе) тауар таңбаларын құқық иесінің рұқсатынсыз пайдалану арқылы, ХТЖ тауар белгілерінің (қызмет көрсету белгілерінің) беделін түсіретін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сататын болса, сондай-ақ Банк Карточкалық операциялардың заңды екеніне күдіктенсе және Банктің қарауы бойынша басқа да жағдайларда Интернет-ресурсты Карточкалық жүйеден дереу ажыратуға. Бұл ретте Банк Коммерсанттың Сауалнама-Өтінішінде көрсетілген Коммерсанттың электрондық пошта адресіне немесе басқа қолжетімді байланыс арналары арқылы Коммерсантқа хабарлама жібереді;

7.2.6. Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы жүргізілген (Коммерсантты тарту кезінде мәлімделген) Карточкалық операциялар көлемі жеткіліксіз болған жағдайда, Шартқа Қосымша келісім жасау жолымен Қосылу туралы өтініште көзделген Карточкалық операциялар төлемін жасау кезінде Банк ұстап қалатын комиссияны арттыруға бастамашылық етуге;

7.2.7. Шартқа, оның ішінде, Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге біржақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістер күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда мұндай өзгерістерді (сонымен қатар жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы Коммерсантқа алдын ала хабарлау керек, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біржақты тәртіпте өзгеріс енгізуге тыйым салынатын жағдайлар қосылмайды.

Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң, осы тармақта белгіленген тәртіпте мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді;

7.2.8. Коммерсанттың үнсіздік түрінде ерік білдіруі негізінде Шартқа, оның ішінде Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістер/толықтырулар күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда осындай өзгерістерді/толықтыруларды (сонымен қатар жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы Коммерсантқа алдын ала хабарлау керек, Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты тәртіпте өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Егер осы тармаққа сәйкес, Банк өзгерістердің/толықтырулардың енгізілуі туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Коммерсант Шартқа енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге қатысты, қабылдамағаны туралы жазбаша өтінішті ұсынбаса, бұл оның еркін білдіруі болып табылады және Коммерсанттың бұл өзгерістермен/толықтырулармен келіскенін білдіреді;



7.2.9. Карточканы пайдалана отырып, олардың заңдылығына күдік туғызатын операцияларды анықтау және алаяқтық операцияларды болғызбау жөнінде шаралар қабылдау мақсатында Банктің, келесілерді қосқанда, бірақ онымен шектелмейтін мыналарға құқығы бар:

1) Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы жасалатын операциялар бойынша Карточкалық жүйеге келіп түсетін Авторизациялық сұрау салудағы ақпаратқа мониторинг (талдауын) жүргізуге;

2) Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы сатылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер тізбесіне ақпараттың сәйкестігі мәніне мониторинг (талдау) жүзеге асыруға міндетті;

7.2.10. Шартқа сәйкес Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы Карточкалық операцияларды жүргізуге тәуліктік лимит белгілеуге;

7.2.11. Соңғы Карточкалық операция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Шарт шеңберінде Карточкалық операциялар болмаған жағдайда, сондай-ақ Шартқа сәйкес басқа жағдайларда Коммерсантты хабардар ете отырып, Шартты соттан тыс біржақты тәртіпте бұзуға;

7.2.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың қызметі туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына беруге;

7.2.13. Осы Шартта көзделген тәртіпте және жағдайларда, Коммерсанттың Банк белгілеген нысан бойынша жазбаша растауды ұс талап етуге (*мұндай есепке жатқызу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда шетел валютасында Карточкалық операциялар жүргізілген жағдайда қолданылады*);

7.2.14. Алаяқтық Карточкалық операцияларға күдік туындаған жағдайда, Банк төменде көрсетілген әрекеттерді біржақты тәртіпте жүзеге асыруға, бұл ретте Банк төменде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсантты қағаз жеткізгіштегі жазбаша хабарламамен немесе Коммерсанттың Сауалнама-Өтінішінде көрсетілген Коммерсанттың электрондық поштасының адресіне электронды түрде хабарлама жолдау арқылы хабардар етуі тиіс:

1) барлық мән-жайлар анықталғанға дейін Коммерсант құрылғысын бұғаттауға;

2) Лимит мөлшерін өзгертуге;

3) ақшаны есепке алу мерзімін өзгертуге;

4) Карточкаларға шектеулер қоюға;

5) Шарттың 3.18-тармағында көрсетілген қосымша сервистерді (баптауларды) бұғаттауға;

7.2.15. Келесі жағдайларда Карточкалық операцияны дереу тоқтата тұруға және/немесе оны жүргізуден бас тартуға:

1) егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) келесілер болса:

а) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға;

б) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;

в) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

г) халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;

2) егер Коммерсант жүргізген операцияларды зерделеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда;

4) санкцияланбаған операциялар, Фрод, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген қызмет түрі немесе басқа күдікті белсенділік анықталғанда (жүргізілуі мүмкін деген күдік болғанда), Банкке сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқанда, сондай-ақ егер операцияны тоқтату және/немесе жүргізуден бас тарту Банкке/клиентке/Карточканы ұстаушыға залал келтіруді/ залалдың әрі қарай ұлғаюын, өзге қауіптерді болдырмау мақсатында талап етілсе және Банктің қалауы бойынша немесе ХТЖ сұранысы бойынша басқа жағдайларда;

5) Коммерсант тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, деректерін/дербес деректерін жинауға, өндеуге және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) тапсыруға келісім беруден бас тартқан жағдайда;

6) Коммерсант Банкке Шарт шеңберінде жалған ақпаратты ұсынғанда;

7) Интернет-ресурс Коммерсанттың Шарттың №1 Қосымшасында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

8) Коммерсант Банкке және/немесе ХТЖ-ға қаржылық залал келтіруі және/немесе беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қызметті жүзеге асырса;

9) Коммерсанттың Шарттың № 1 Қосымшасында көрсетілген Қызметтер тізбесіне енгізілген қызмет түрін жүзеге асыруы;

10) Банк бұрын жүргізілген Карточкалық операция бойынша ақша заңсыз есептен шығарылғанда және/немесе тауардың/жұмыстың/қызметтің сапасы және/немесе жеткізу мерзімі талаптарға сай болмағанда Коммерсанттың Қайтарымдық карточкалық операцияны жүргізуден заңсыз бас тарту жағдайларын анықтағанда;

7.2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіпте бас тартуға және Шарттың қолданысын тоқтатуға:

- 1) Тізбелерде Коммерсант туралы мәліметтер болса;
- 2) егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген тұлға операция/мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
- 3) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыру мақсатында жүргізіледі деген күдік болса;
- 4) Коммерсант қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпаратты ұсынудан бас тартқан жағдайда, бұған мұндай жабуға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тыйым салынатын жағдайлар қосылмайды;
- 5) Шартта белгіленген өзге жағдайларда;

7.2.17. Шартқа сәйкес Интернет-ресурс арқылы тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу кезінде қосымша сервистер (баптаулар) орнатуға;

7.2.18. Банкке ХТЖ-дан Карточкаларының белгілі бір түрінің Интернет-эквайрингін тоқтату туралы талап келіп түскен жағдайда, мұндай ХТЖ тұтастай алғанда да, сондай-ақ жеке Коммерсантқа қатысты да біржақты соттан тыс тәртіпте талап келіп түскен ХТЖ Карточкаларының тиісті түрінің Интернет-эквайрингінен бас тартуға. Бұл ретте Банк алған ХТЖ талабында көрсетілген күннен бастап Банктің осындай Карточкаларды пайдалана отырып жүргізілетін болашақ операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері тоқтатылады. Банк Коммерсантқа осындай Карточкаларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудың тоқтатылғаны туралы хабарлайды;

7.2.19. Қайтарымды карточкалық операцияны жүзеге асыру кезінде Банк ұстап қалған эквайринг қызметтерін көрсеткені үшін комиссияны Коммерсантқа қайтармауға;

7.2.20. *Коммерсанттың Шарт бойынша Коммерсанттың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді ұсынуын талап етуге, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Қамтамасыз ету шартында белгіленген нақты талаптарда, Коммерсанттың Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерін жабу үшін жеткілікті сомадағы ақша түрінде талап етуге және Коммерсант Шарт бойынша тиісті міндеттемелерін орындамаған кезде Шарт бойынша Коммерсантқа қойылатын талаптарды осындай қамтамасыз ету есебінен қанағаттандыруға (Курсивпен көрсетілгені Банк алдын ала төлем негізінде тауарларды сататын және кейіннен жеткізетін Коммерсанттың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді Банк айқындаған жағдайда қолданылады);*

7.2.21. Санкция салынғанда/ықпал еткенде, сондай-ақ Коммерсант Санкция салынғаны/ықпал етуі туралы Банкке хабарлау міндеттерін бұзған жағдайда, онымен Шартта көзделген тәртіпте іскерлік қатынастарды тоқтатуға, кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға, тоқтата тұруға;

7.2.22. Егер Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің пікірі бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту, сонымен қатар санкция салынған тауарларды жеткізу, Санкцияны бұза отырып төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру және т.б. білдіреді;

7.2.23. Мұндай бас тартудың және/немесе тоқтатудың себептерін түсіндірместен Интернет-ресурсты тіркеуден бас тартуға немесе бұрын тіркелген Интернет-ресурсқа қызмет көрсетуді тоқтатуға;

7.2.24. Карточкалық операцияларды жүргізу үшін төлемдерді қабылдауға рұқсат берілетін Карточкалар бойынша рұқсат етілген елдер тізбесіне біржақты тәртіпте шектеулер орнатуға, бұл ретте Банк елдердің тізімін жарияламау құқығын өзіне қалдырады.

### **7.3. Коммерсант міндеттенеді:**

7.3.1. Коммерсант қызметінің заңды негіздерін растайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық құжатының болуын қамтамасыз етуге;

7.3.2. Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы Шарттың 2.1. тармағында көрсетілген Карточканы ұстаушылар ұсынатын ХТЖ-ның барлық жарамды Карточкасын төлемге қабылдауға;

7.3.3. Карточканы ұстаушыларға тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің толық жиынтығын қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде Коммерсанттың әдеттегі бағасынан аспайтын бағаға беруге;

7.3.4. Жеке кабинетіне кіруге арналған өз логинін/құпиясөзін құпия сақтауға, жария етпеуге/үшінші тұлғаларға бермеуге және олардың сақталуын қамтамасыз етуге, олардың жоғалуын, ашылуын, көшірілуін және рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін барлық мүмкін шараны қабылдауға;

7.3.5. Жеке кабинетіне кіруге арналған логин/құпиясөзі жоғалған/жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда, бұл туралы Банкті электронды пошта арқылы дереу хабардар етуге және Жеке кабинетіне кіру логинін/құпиясөзін ауыстыруды қамтамасыз етуге;

7.3.6. Жыл сайын/ жарты жыл сайын (ХТЖ қағидаларының талаптарына сәйкес) ақпаратты қорғау жөніндегі келесі бағдарламалардың талаптарын ескере отырып жүргізілген PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестігін тексерудің нәтижелерін ұсынуға: • Visa: Account Information Security (AIS); • MasterCard: Site Data Protection (SDP),

тексерілетін ұйымның сертификаттау деңгейіне байланысты таңдалған PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестігін тексерудің келесі әдістерін пайдалана отырып: • тексерілетін ұйым объектісінде PCI QSA компаниясы жүргізетін сыртқы QSA аудиті (ағылш.); • өзін-өзі бағалау парағын толтыру (SAQ); • желі периметрінің осалдығын автоматтандырылған түрде ASV сканерлеу, егер мұндай талап Коммерсант үшін міндетті болса;

7.3.7. Интернет желісі арқылы сырттан рұқсатсыз кіру және Коммерсант қызметкерлерінің құпия ақпаратқа ішкі қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты, Карточканы ұстаушылардың құпия деректеріне нұқсан келтіруді болдырмау мақсатында, өз ұйымының желілік инфрақұрылымын сенімді қорғауды қамтамасыз етуге. Коммерсанттың және/немесе оның қызметкерлерінің Авторизация туралы сұрау салулардың деректерін (Карточканың толық нөмірі, оның қолданылу мерзімі, Карточканың артындағы құпия код) Коммерсантта орнатылған кез келген жүйеде не ондай жүйелерден тыс кез келген түрде толығымен немесе ішінара сақтауына тыйым салынады;

7.3.8. Күн сайын Карточкалық операцияларды есепке алуға. Банк есептеген және Карточкалық операциялар бойынша Коммерсантқа нақты тиесілі сомалар арасында алшақтық анықталған жағдайда, Коммерсант осындай алшақтық туралы Банкке Карточкалық операция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Банкке жүгіну, телефон арқылы Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы хабарлайды;

7.3.9. 5 (бес) жыл бойы Карточкалық операция туралы ақпаратты және Карточканы ұстаушының тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлегенін және алғанын растайтын құжаттарды сақтауға;

7.3.10. Шартты орындау кезінде өзіне белгілі болған Карточканы ұстаушы туралы ақпаратты таратпауға және жария етпеуге, Карточканың толық нөмірін, қауіпсіздік кодтарын және тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату нәтижесінде Карточканы ұстаушыдан Коммерсантқа белгілі болған өзге де деректемелерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, Карточканың деректемелерін қандай да бір нысанда/түрде сақтамауға;

7.3.11. Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша тауарды/жұмыстарды/қызметті сатқаны туралы растаушы құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде Шартта белгіленген мерзімде Банкке ұсынуға немесе Коммерсанттың Сауалнамасында көрсетілген Коммерсанттың электронды адресіне жолдауға;

7.3.12. Банк тарифтеріне сәйкес және Шартта көзделген тәртіпте Банкке комиссиялық сыйақыны сөзсіз төлеуге;

7.3.13. Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша ресми сайтында, Банк филиалдарының операциялық залдарында Шартқа енгізілген өзгерістер/толықтырулар, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтері туралы ақпараттың орналастырылуын тұрақты негізде бақылап отыруға;

7.3.14. Банктің талабы бойынша Коммерсанттың қызметі туралы қажетті ақпарат беруге;

7.3.15. Коммерсанттың Банк талаптарына, ХТЖ нормаларына сәйкестігін, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына сәйкес бірлескен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін айқындау мақсатында Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар пакетін ұсынуға;

7.3.16. Коммерсантқа белгілі болған, Интернет-ресурста немесе Төлем сілтемесін қолданған кезде орын алған Карточкалар деректерінің жария етілуінің барлық фактісі туралы Банкке дереу хабарлауға;

7.3.17. Банкке залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органдардың Коммерсантқа қатысты шектеу сипатындағы мынадай шешімдер/іс-қимылдар қабылдағаны туралы Банкке жазбаша хабарлауға:

- 1) Коммерсантты мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 2) Коммерсанттың кез келген банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) Коммерсанттың ақшасына және/немесе өзге де мүлкіне тыйым салу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шешімдер немесе әрекеттер.

7.3.18. Карточканы ұстаушылармен осы Шарт шеңберінде, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін алуды және беруді талап ететін мәмілелер жасаспауға;

7.3.19. Келесі талаптардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге:

1) Шарт шеңберінде шетел валютасындағы әрбір төлемнің және (немесе) ақша аударымының:

а) тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін алуды талап ететін валюталық операцияларды жүзеге асырумен байланысты болмауы тиіс;

б) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесуге байланысты болмауы тиіс;

2) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын және Шарт талаптарын сақтау мақсатында Шарт шеңберінде шетел валютасындағы әрбір төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасы:

а) көрсетілген соманың баламасында 10 000 (он мың) АҚШ долларынан немесе өзге шетел валютасынан аспауы тиіс;

б) *бейрезиденттен қабылданатын болуы керек (Курсивпен көрсетілгені Карточкалық операциялар шетел валютасында жүргізілген жағдайда, мұндай есепке алу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қолданылады);*

7.3.20. Банктің талабы бойынша Шарттың 7.2.4. тармағында қарастырылған құжаттарды Банкке ұсынуға;

7.3.21. Банкке орналасқан жерінің, заңды мекенжайының, банктік деректемелерінің, құрылтай құжаттарының, Интернет-ресурс доменінің және Банкке ұсынылған басқа да мәліметтерінің барлық өзгерісі туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

7.3.22. Шарт шеңберінде қолданылатын бағдарламалық жасақтаманың/сервистердің іркілістері/тоқтап қалуы туралы Банкке жүгіну арқылы, Шарттың 14-бабында көрсетілген Банктің электронды пошталық адресі бойынша Банкке дереу хабарлауға;

7.3.23. Жұмыстардың басталуынан 3 (үш) Жұмыс күні бұрын Банкке жоспарланған жұмыстар, Коммерсанттың сервистеріне, бағдарламалық жасақтамасына қатысты жоспарланып отырған жөнге келтірулер туралы хабарлау қажет;

7.3.24. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер ұсынылатын барлық тілде сатып алушыларға тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатқанға дейін және сатқаннан кейін қолдау көрсетуге, клиенттермен жұмыс жөніндегі қызметтің байланыс ақпаратын немесе сауда офисінің байланыс ақпаратын өз веб-сайтында анық көрсетуге;

7.3.25. Төлем қабылдауды 3D-Secure хаттамасын қолданып жүзеге асыруға;

7.3.26. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, оның ішінде Банктің ақпараттық активтерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті бұзу, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы іркілістер және Коммерсанттың және/немесе үшінші тұлғалардың араласуынан туындаған олардың қауіпсіздігін бұзу салдарынан туындап, Банкке келтірілген залалды Шартта белгіленген тәртіпте өтеуге;

7.3.27. Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, Карточканы ұстаушы мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келмейтін сапасыз және/немесе толық жабдықталмаған тауарды/жұмысты/қызметті алудан бас тартқан жағдайда немесе тауар/жұмыс/қызмет белгіленген мерзімде сатылмаса, Банкті қайтару рәсіміне қатыстырмай, Карточканы ұстаушының қайтарылған тауар/жұмыс/қызмет үшін төленген ақшаны қайтару туралы шағымдарын өзі реттеуге;

7.3.28. Осы Шартта көзделген тәртіпте және жағдайларда, Банк белгілеген нысан бойынша жазбаша растауды ұсынуға және осындай жазбаша растау талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге (*мұндай есепке жатқызу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда шетел валютасында карточкалық операциялар жүргізілген жағдайда қолданылады*);

7.3.29. Интернет-ресурсты Шарттың №1 қосымшасында көзделген талаптарға сәйкес ресімдеуге;

7.3.30. Retrieval request, Chargeback, pre-arbitration, precompliance, arbitration, compliance және басқалары; Банкке ол бойынша операциялар, операцияның жарамсыз: Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес санкцияланбаған, Фрод өзге де заңға қайшы болып табылатыны көрсетіле отырып жүргізілген Карточканың Эмитент банкі ұсынған шағымдарды/хабарамаларды қоса алғанда, Банктің мекенжайына ХТЖ өзі де, олардың қатысушылары да бағыттаған факсимильдік хабарламалар, электрондық хаттар сияқты ХТЖ-ға қабылданған барлық диспуттық құралды/диспуттік процесс циклдерін (Карточкалық операцияны даулау процесі) растаушы құжаттар ретінде мойындауға;

7.3.31. Банктің ХТЖ/мемлекеттік органдарға тиісті емес Карточкалық операциялар, айыппұлдар, өзге де ұстап қалулар сомаларын төлеуіне байланысты Банкке келтірілген залалдарды және Коммерсанттың қызметіне байланысты немесе негізделген кез келген өзге де залалдарды толығымен өтеуді қамтамасыз етуге;

7.3.32. Шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ-ның Карточкалық операциялар бойынша талаптарды мәлімдеуінің өзге (неғұрлым ұзақ) белгіленген мерзімінде, Коммерсанттың Шарттың ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарын немесе ХТЖ белгіленген қағидаларды бұзуына байланысты, Банк мұндай төлем туралы талабын жіберген соң, тиісті ХТЖ және/немесе эмитенттердің және/немесе Карточканы ұстаушылардың шағымдары бойынша Банктің шоттарынан алынатын барлық ақшаны, Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот, құқық қорғау органдары және/немесе өзге уәкілетті органдар салған, құжаттамамен расталған айыппұлдар, алымдар және тұрақсыздық айыбы сомаларын дереу Банкке төлеуге;

7.3.33. Рұқсат етілген жағдайларда Банкке Авторизация туралы сұрау салулардың деректерін белгіленген тәртіпте сақтау бөлігінде Коммерсант қызметінің сәйкестігін растайтын құжаттарды және өзекті PCI DSS сертификатын ұсынуға (Төлем карточкасының толық нөмірі, оның қолданылу мерзімі, Карточканың артындағы құпия код және өзге де деректемелер);

7.3.34. Қазақстан Республикасының заңнамасында қайта сенім білдіруге жол берілетін жағдайларды қоспағанда, Шартта айтылған әрекеттерді үшінші тұлғаларға қайта сенім білдіру құқығынсыз орындауға;

7.3.35. Ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге;

7.3.36. Банктің өтініші бойынша, Фрод, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу, Коммерсант жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.3.37. 3 (үш) жұмыс күні бұрын Шарттың 3.18-т. көрсетілген қосымша сервистің (опцияның) өшірілгені туралы Банкке еркін жазбаша/электронды нысанда алдын ала хабарлауға;

7.3.38. Банктің талаптарына сәйкес Коммерсант міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді Банкке ұсынуға, оның ішінде Шарт бойынша Коммерсанттың міндеттемелерін жабу үшін жеткілікті сомада ақша түрінде, жеке Қамтамасыз ету шартында белгіленген нақты талаптарда және *Коммерсант Шарт бойынша тиісті міндеттемелерін орындамаған кезде осындай қамтамасыз ету есебінен Шарт бойынша Коммерсантқа қойылатын талаптарды қанағаттандыруға (курсивпен көрсетілгені Банк кейіннен жеткізумен алдын ала төлем бойынша тауарларды өткізетін Коммерсант міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді айқындаған жағдайда қолданылады)*;

7.3.39. Егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қандай да бір сәтте оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкция салу/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде хабардар етуге;

7.3.40. Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқаулар жібермеуге немесе операциялар жүргізбеуге;

7.3.41. Шарттың өзге де талаптарын орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ қағидаларының талаптарын сақтауға.

#### **7.4. Коммерсант құқылы:**

7.4.1. Банктен міндеттерді тиісінше орындауды талап етуге;

7.4.2. Коммерсант тарапында жүргізілген Карточкалық операциялар туралы тізілімдерді алуға (Коммерсанттың талабы бойынша);

7.4.3. Банкке жүгіну арқылы Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Банкті еркін жазбаша нысанда хабардар ете отырып, Шартты бұзуға;

7.4.4. Қосымша сервистерді (опцияларды) қосудан бас тартылған жағдайда, қосудан бас тартуды алғаннан кейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік айдан кейін қайта өтінім беруге.

### **8. ҚҰПИЯЛЫҚ**

8.1. Тараптар келіссөздер жүргізу, Шарт жасау және орындау барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпия мәліметтерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты (бұдан әрі – **Құпия ақпарат**) жария етпеуге міндеттенеді.

8.2. Тарап үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты ашуға ниеттенген жағдайда, ол туралы Құпия ақпараттың иесі болып табылатын екінші Тарапты хабардар етуі және Құпия ақпаратты ашуға оның алдын ала жазбаша келісімін алуы, сондай-ақ үшінші тұлғадан өзіне берілген Құпия ақпаратты жария етпеу талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттемені алдын ала алуы, сондай-ақ дербес деректерді, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты Шарттың 8.6. тармағында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

8.3. Тараптар Шарттың осы бөлімінің 8.2.тармағын сақтамай, үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді, бұған Банктің мұндай тұлғамен (тұлғалармен) мәні контрагенттің (контрагенттердің) оларға белгілі болған/белгілі болатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім (келісімдер) жасаған кезде мұндай ақпаратты (Шарттың 8.6. тармағының талаптары орындалған кезде, дербес деректерді, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты) өз контрагентіне (контрагенттеріне) жария ететін жағдайлары, сондай-ақ мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында жазылған не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

8.4. Тараптардың қызметкерлері бір-бірінің Құпия ақпаратымен Шарттың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті шамада ғана танысуы тиіс.

8.5. Құпиялылық талаптары мерзімсіз сақталады.

8.6. Шартқа қосылу арқылы Коммерсант Банкке дербес деректерді және Коммерсантқа қатысты өзге де құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсаттар үшін пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Тараптардың үшінші тұлғалар туралы, осындай тұлғалардың дербес деректері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты кез келген түрде беруі – беруші Тарап осындай үшінші тұлғалардан осындай ақпаратты (өңдеуге, оның ішінде тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) беру туралы тиісті келісімдерді алғаннан кейін ғана және осындай келісімдерде белгіленген көлемде жүргізіледі. Банк айқындайтын қажеттілік жағдайында, Коммерсант Банкке Коммерсанттың forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес деректерді және өзге деректерді жинау және өңдеу туралы келісімнің нысаны бойынша дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуге келісімдерінің бар-жоғын құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдерінің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке оларды алғанын растайды. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Коммерсантқа жүктеледі. Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Коммерсант Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

8.7. Банк Коммерсанттың қосымша келісімінсіз Коммерсанттың атауын (заңдық және саудалық)/сауда белгісін/логотипін, сондай-ақ клиенттермен байланысуға арналған оның байланыс деректерін (телефондарын, мекенжайларын, оның ішінде веб-сайттарының адрестерін) Банктің пікірі бойынша осындай пайдалану орынды болған кезде өзінің кез келген жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында пайдалануға құқылы. Шартқа қол қою арқылы Коммерсант өзінің уәкілетті тұлғалары арқылы Банкке өзінің кез келген



жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында Коммерсанттың атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін пайдалануға ресми жазбаша келісім береді.

8.8. Осы арқылы Коммерсант Банкке Банктің құпия ақпаратты (мына деректемелерді қоса алғанда: Коммерсанттың атауы, БСН, Коммерсанттың сауда атауы, заңды/пошталық мекенжайы, телефон/факс нөмірі, электронды пошта/сайт адресі, Коммерсанттың Интернет желісіндегі бірегей адресі (URL), банк деректемелері және т.б.) келесі үшінші тұлғаларға: ХТЖ, «One Technologies» ЖШС, UAB eComSecomcharge, ЭПІЛ ДИСТРИБЬЮШН ИНТЕРНЭШНЛ, Google Ireland Limited, Самсунг Электроникс Ко., лтд. және бағдарламалық жасақтама, мобильді төлем қосымшаларының (Apple Pay, Samsung Pay, google pay және т.б.) иелері болып табылатын басқа тұлғаларға, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, соттарға, құқық қорғау органдарына олардың сұратуы бойынша, тек заңнамада белгіленген шеңберде және көлемде не Коммерсант Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда не Коммерсант Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда не осы ақпаратты ХТЖ Операциялар жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықты болдырмау бағдарламаларында және ХТЖ басқа бағдарламаларында пайдалану мақсатында, сондай-ақ Карточка ұстаушылардың тапсырмасы бойынша Операцияларды орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету, наразылық білдірілген Операциялар бойынша дауларды шешу үшін тәулік бойы ақпараттық және технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында беруіне келісімін береді.

## **9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

9.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шарт талаптарына, ал онымен реттелмеген бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.2. Шарт бойынша өз міндеттерін бұзған Тарап бұл бұзушылықтарды кешіктірмей жоюы тиіс.

9.3. Шарттың 8-бөлімінің талаптары бұзылған жағдайда, кінәлі Тарап екінші Тарапқа Құпия ақпаратты жария ету арқылы келтірілген барлық құжатпен дәлелденген шығындарды өтеуге міндетті.

9.4. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі нәтижесінде Жалпы талаптардың өзгеруіне жауапты емес.

9.5. Үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамаға, қашықтан қол жеткізу жүйелеріне/жүйелеріне рұқсатсыз кіру салдарынан Тарапқа келтірілген шығындар үшін жауапкершілік кінәлі Тарапқа жүктеледі.

9.6. Тұрақсыздық айыбының сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.7. Коммерсант Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбы сомасынан тыс өтелетін шығындардың толық көлемінде Банк алдында жауап береді.

9.8. Коммерсант Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, егер нақты бұзушылық бойынша тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері Шартта бөлек белгіленбесе, Коммерсант Банкке соңғысының талабы бойынша Банк мәлімдеген әрбір бұзушылық фактісі үшін 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Банк талап-шағымды реттегенге дейін Шарт бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы. Банк шығындарды өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу сомалары бойынша талаптарды Шартта белгіленген тәртіпте қанағаттандыруға құқылы.

### **9.9. Коммерсант жауапты:**

9.9.1. Шарттың 8-бөлімінің талаптарын бұзуға себеп болған әрекеттер үшін;

9.9.2. Олардың салдарынан Шарт ережелерінің бұзылуына, Банктің іскерлік беделіне нұқсан және шығын келтіруге және Банкті Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында көзделген, Коммерсант қызметінің салдарынан туындаған, Банкке ХТЖ тарапынан салынған барлық өтемдерді/айыппұлдарды қоса алғанда, жауапкершілікке тартуға әкеп соққан өз персоналының/контрагентінің әрекеті/әрекетсіздігі үшін, Банкке әрбір бұзушылық үшін 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеумен;

9.9.3. Шартқа сәйкес құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін;

9.9.4. Банкке ХТЖ арқылы қойылған Эмитенттердің шағымдарын немесе Коммерсантта Эмитенттердің карточкаларымен жүргізілген операцияларды, олар бойынша шағымдарды даулау ХТЖ қағидаларында көзделмеген Карточкалық операцияларды қоса алғанда, жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод және өзге де заңға қайшы деп таңу себебінен Банкке тікелей қойылған шағымдарды қоса алғанда, Коммерсанттың қызметі салдарынан туындаған Карточканы ұстаушылардың даулары және Карточканы ұстаушыларға қызмет көрсету бойынша басқа мәселелер бойынша әрбір Карточкалық операция үшін, жол берілген жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод, өзге де заңға қайшы операциялар үшін;

9.9.5. Уәкілетті мемлекеттік органдар Коммерсанттың Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік шараларын Банкке қолданған жағдайда;

9.9.6. Коммерсант Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар Коммерсанттың Шарт ережелерін, Қазақстан Республикасының заңнамасының, ХТЖ қағидаларының талаптарын бұзуына байланысты Банкке салған айыппұлдардың, алымдардың және тұрақсыздық айыбының кез келген сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

9.9.7. Коммерсант операциялар Фродты болып табылатындығын (Карточканы ұстаушы жүргізбеген) көрсете отырып, ол бойынша операциялар Коммерсантта жүргізілген Карточка эмитентінің Банкке қойған талабын немесе

осы эмитенттің карточкаларымен жүргізілген операциялар фродты болып табылатындығы көрсетілген Эмитенттің факсимильді хабарламасын құжат ретінде тануға міндеттенеді;

9.9.8. Коммерсант қызметкерлерінің/Коммерсант контрагенттерінің әрекеті (әрекеттері) немесе әрекетсіздігі салдарынан Шарттың ережелері бұзылған, Банкке шығын және/немесе Банктің іскерлік беделіне залал келтірілген немесе Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында көзделген жауапкершілікке тартылған жағдайда, Коммерсант Банкке Коммерсанттың қызметі салдарынан туындаған, сомасы Банк ұсынған жазбаша шағымда көрсетілген, ХТЖ тарапынан салынған барлық өндіріп алуларды/айыппұлдарды қоса алғанда, Банкке келтірілген шығындарды толығымен өтеуді жүзеге асырады. Келтірілген залалдардың сомасы Банк пен Коммерсант қол қойған келісу актісімен қайта қаралуы мүмкін. Банк пен Коммерсант әрбір жеке жағдайда Коммерсантқа тиесілі сомалардан ұстап қалу немесе Банк ұсынған шот бойынша төлеу арқылы өтем жүргізу тәртібін белгілейді. Банк талап-шағымды реттегенге дейін Шарт бойынша есеп айырысуларды тоқтата тұруға құқылы;

9.9.9. Орын алған Фрод үшін Коммерсант эмитенттердің ХТЖ арқылы Банкке қойған талаптарын немесе Коммерсанттағы эмитенттердің карточкаларымен жүргізілген операцияларды фродтық деп тану себептері бойынша Банкке тікелей қойылған талаптарды қоса алғанда, Шартта белгіленген тәртіпте Банкке келтірілген залалды өтейді.

9.9.10. Коммерсант осы Шартқа қосыла отырып, қолданысы Коммерсантқа және Банк жүргізетін немесе Банк арқылы жүргізілетін оның операцияларына (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, операция түрімен, Коммерсант және оның лауазымды тұлғалары, акционерлері/қатысушылары, бенефициар меншік иелері тұратын және (немесе) тіркелген, еншілес және қауымдастырылған ұйымдары орналасқан елмен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдермен байланысты) қолданылатын, шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (сонымен қатар шығындар мен жоғалған пайданы) қабылдайды. Банк осы тәуекелдер мен олардың салдары үшін (оның ішінде шығындар мен жоғалған пайда үшін) жауапты емес;

9.9.11. Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзуынан туындаған жұмыстағы іркілістерді қоса алғанда, Коммерсанттың кінәсінен Банктің техникалық құралдарды, бағдарламалық жасақтаманы пайдалану мүмкін болмаған, Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздікті бұзуы, Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысын бұзуға және олардың қауіпсіздігін бұзуға бағытталған іс-әрекеттер жасалу салдарынан, оның ішінде Банк жүйелерімен интеграциялау және (немесе) Интернет-ресурсты, Төлем сілтемесін қолдану барысында немесе Коммерсанттың басқа араласуы нәтижесінде Банкке залал келтірілген жағдайда, Коммерсанттың әрекеттерінен туындаған, бағдарламалық жасақтаманың құқық иеленушісімен жасалған шартта көзделген бағдарламалық жасақтаманы пайдаланудың шектеулерін бұзғаны үшін Банк жауапқа тартылған жағдайда, Коммерсант Банктің хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің барлық залалын, шығынын қайтаруға және әрбір факт бойынша 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

9.9.12. ХТЖ-да Карточкалық операциялар жүргізілген күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ белгілеген басқа мерзімде Эмитенттің Карточкалармен жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша Chargeback рәсіміне бастамашылық ету құқығы қарастырылады. Коммерсант Банкке осындай Chargeback-ті қанағаттандыру бойынша келтірілген шығындарын сөзсіз тәртіпте төлеуге міндеттенеді;

9.9.13. Коммерсант Карточканы ұстаушыға даудан бас тарту туралы өтініш немесе талап қою арқылы өзінің қаржылық жауапкершілігін аудармауға немесе аударуға тырыспауға міндеттенеді, Коммерсанттың Карточка Ұстаушыға даудан бас тарту туралы өтінішімен немесе талабымен жүгіну арқылы өзінің қаржылық жауапкершілігін жүктеуге немесе жүктеуге тырыспауға міндеттенеді;

9.9.14. Коммерсант Шарттың 3.18. тармағында көрсетілген қосымша сервистерді (баптауларды) пайдалана отырып жүзеге асырылған Карточкалық операцияларды жүргізу үшін, осындай Карточкалық операциялар сомасында, сондай-ақ осындай Карточкалық операциялар бойынша Банкке ХТЖ тағайындаған санкциялардың кез келген сомаларында (осындайлар болған кезде) жауапты болады. Мұндай Карточкалық операцияларды рұқсат етілмеген деп тануға байланысты барлық ықтимал тәуекелді Коммерсант көтереді;

9.9.15. Коммерсант рұқсат етілмеген Карточкалық операцияларға бастамашылық еткені үшін және Коммерсанттың сұрау салуы бойынша 3DSecure өшірілген жағдайда 3DSecure өшіру нәтижесінде келтірілген барлық кейінгі шығын үшін жауапты болады;

9.9.16. Коммерсанттың Шарт талаптарын орындамауының, тиісінше орындамауының барлық өзге де фактілері бойынша да жауапты.

#### **9.10. Банк жауапты емес:**

9.10.1. Банктің тікелей бақылауынан тыс техникалық құралдардың, бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен жабдықтау және деректер тасымалдау жүйелерінің іркілістері үшін;

9.10.2. Тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуға байланысты Коммерсант пен Карточканы ұстаушы арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер бойынша;

9.10.3. Коммерсанттың Банкке Коммерсанттың банктік деректемелерінің өзгеруі туралы уақытында хабарламауынан туындаған төлемдердегі кідіріс үшін;

9.10.4. Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың шотына ақша аударылмағаны үшін;

- 9.10.5. Авторизация жүргізудің оң нәтижесі негізінде бұғатталған ақша сомасын есепке жатқызу мүмкін еместігі карточканың жоғалуына/бұғатталуына/алынуына не Карточка бойынша операциялардың жабылуына/шектелуіне байланысты болған жағдайда, Коммерсанттың Шотына ақшаны есепке алудың мүмкін еместігі үшін;
- 9.10.6. Карточкалық операцияларды жарамсыз: Шартқа сәйкес рұқсат етілмеген, Фрод, өзге де заңсыз деп танудың салдары үшін;
- 9.10.7. 3D-Secure хаттамасын пайдаланбай төлемдерді қабылдауды жүзеге асырудың салдары үшін.

## **10. ФОРС-МАЖОР**

10.1. Егер Шарттың 10.2. тармағында көрсетілген еңсерілмес күш жағдайлары қандай да бір Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтірсе немесе кешіктірсе, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар жалғасатын уақытқа және міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін немесе кешіктіретін дәрежеде тоқтатылады.

10.2. Шарт мақсаттары үшін еңсерілмейтін күш жағдайлары Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген мән-жайды, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей олардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін болып табылмайтын өрт (Тараптардың немқұрайлығы немесе салғырттығы салдарынан орын алғандарды қоспағанда), су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс (жарияланған немесе жарияланбаған), көтеріліс, ереуіл, азаматтық соғыстар немесе жаппай тәртіпсіздік (Банктің, Коммерсанттың орналасқан жерінен тыс туындаған кез келген әскери іс-қимылды; Банкке, Коммерсантқа негізді түрде қолданылмайтын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларда және шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды қоспағанда), Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін қабылдау, жұмысқа қабілетсіздік, жүйе жұмысындағы іркілістер мен қателерді білдіреді.

10.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша міндеттемелерін орындауда кедергі туындаған Тарап екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғандығы туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

10.4. Егер Тарап Шарттың 10.3.тармағында белгіленгендей хабарлама жасамаса, ол еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады, бұған мұндай Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жолдау мүмкін болмаған жағдайлар қосылмайды.

10.5. Жалпыға мәлім еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдерді немесе хабарламаларды қажет етпейді. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдерді оған қатысы бар Тарап ұсынады. Мұндай жағдайлар және олардың ұзақтығы туралы куәландыратын дәлел – Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе басқа құзыретті орган ұсынған құжаттар.

10.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтағандығы туралы жазбаша хабарлауы тиіс және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыру керек. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан кейін 1 (бір) айдан астам жалғасатын жағдайда, Тараптардың кез келгені Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте ол туралы Шартты тоқтатудың болжамды күніне кемінде 14 (он төрт) жұмыс күні қалғанда екінші Тарапты жазбаша хабардар етуі тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

11.1. Шарт жасалған күнінен бастап күшіне енеді.

11.2. Шарт бір жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы Шарттың қолданысын тоқтату ниеті туралы Шарт мерзімінің аяқталуынан кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарламаса, кезекті кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Қаржылық өзара есеп айырысулар және Шарттың оларға қатысты талаптары бөлігінде Шарт Шарт бойынша ақшалай міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

11.3. Шарт Тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың бірінің бастамасы бойынша, екінші Тарапты болжамды бұзу күнінен кемінде 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ету арқылы мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

11.4. Шарттан біржақты бас тарту туралы хабарлама алған күннен бастап Тараптар Шартқа сәйкес Карточкалар бойынша Карточкалық операцияларды жүргізуді тоқтатады.

11.5. Банк келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы, бұл ретте Шартты тоқтатудың болжамды күнінен 3 (үш) жұмыс күні бұрын Коммерсантқа бұл туралы хабарлауы тиіс:

1) Тізбелерде Коммерсант туралы мәліметтердің болуы;

2) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып халықаралық ұйым немесе шет мемлекет ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар деп анықтаған елде тіркелген/жүрген тұлға табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;

3) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, Коммерсант Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға

(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау мақсатында құжаттар мен ақпарат беруден бас тартқан жағдайда;

5) Коммерсантқа қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы талқылау жүргізіліп жатқанын, Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектелген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты екенін айқындайтын мән-жайлар болған кезде, Банктің Карточкалық операциялардың заңдылығына қатысты күмәні болған жағдайда, Банкке сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқан кезде немесе заңға қайшы қызметті іске асыруға немесе залал келтіруге алып келуі мүмкін өзге жағдайлар болған кезде, сондай-ақ Банктің қарауы бойынша өзге негіздер болған кезде;

6) ХТЖ талабы бойынша;

7) Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығы;

8) Карточкаларға қызмет көрсету қағидаларының бұзылуы;

9) Коммерсант Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді бұзған жағдайларда;

10) Коммерсантты алаяқтық әрекеттері немесе алаяқтық әрекеттер жасалу кезіндегі әрекетсіздігі үшін айыптау;

11) Коммерсант қосылған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде Карточкалық операциялардың болмауы не Интернет-ресурс/Төлем сілтемесі арқылы жүргізілген Карточкалық операциялар көлемінің жеткіліксіздігі (Коммерциантты тарту кезінде мәлімделген);

12) Банктік шот шартын бұзу, ол қосылған сәтте болған кезде;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.

11.6. Осы Шарт бұзылған жағдайда екі Тарап өзара есеп айырысуды екі ай ішінде аяқтауы тиіс. Алайда, қандай да бір төлем жүйелері тарапынан ХТЖ-да белгіленген негіздемелер бойынша талап қойылған жағдайда, ХТЖ қағидаларына сәйкес есеп айырысуларды реттеу кезеңі мерзіммен шектелмейді.

11.7. Тараптар осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың барлық өзгерісі мен толықтыруы, егер олар жазбаша нысанда жасалған болса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болады.

## 12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

12.1. Тараптар арасында туындайтын барлық дау өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында келіссөздер арқылы шешіледі. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген жағдайда, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің немесе оның филиалының (Банктің қалауы бойынша) орналасқан жері бойынша сот тәртібінде реттелуі тиіс.

12.2. Шартты орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда, Шартқа сәйкес жасалған Карточкалық операциялар бойынша Банкте және/немесе Коммерсантта сақталатын электрондық нысандағы құжаттарды Тараптар қағаз жеткізгіштегі құжаттарға теңестіреді және олар дәлелдеме бола алады. Тараптар машиналық ақпарат жеткізгіштердегі операциялар туралы деректерді дауларды шешу кезінде дәлелдемелер ретінде тануға келіседі.

12.3. Тараптар Шарт шеңберінде Тараптардың қатынастарын құқықтық реттеудің көзі, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Шарт, Қазақстан Республикасының заңнамасы, ХТЖ қағидалары болып табылатынымен келіседі. Шарттың ХТЖ қағидаларының ережелеріне қайшы келетін кез келген талаптары (Шарт жасалған кезде белгілі, сондай-ақ болашақта әзірленген) ХТЖ қағидаларына сәйкестендірілуі тиіс.

## 13. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

13.1. Коммерсант Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы үшін мыналарға келісімін береді:

*Коммерсант жеке тұлға болған жағдайда:*

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысанына сәйкес Коммерсанттың деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін береді және оның мазмұнын оқығандығын, түсінгендігін және қабылдайтындығын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

*Коммерсант заңды тұлға болған жағдайда:*

- Коммерсант туралы ақпаратты/Коммерсанттың деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, егер заң талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес көрсетілген тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса немесе мұндай міндеттер мен құқықтар басқа негіздер бойынша туындаса, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдардан; заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардан, ұлттық басқарушы холдинглерден, ұлттық компаниялардан; кредит бюроларынан; зейнетақы қорынан; мемлекеттік дерекқорлар операторларынан/иелерінен; курьерлік компаниялардан; ұялы байланыс операторларынан; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау қызметтерін көрсететін тұлғалардан немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында басқа да мәмілелері бар тұлғалардан; шетелдік корреспондент банктерден; АҚШ-тың Салық қызметінен (Internal Revenue Service), FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әр түрлі сервистерді және жоғарыда көрсетілген үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып.

- Коммерсанттың деректерін мемлекеттік дерекқорлар (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық

үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми дереккөздер) кредит бюроларына, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынғандарын қоса алғанда, Банкке, кредит бюроларына және басқа ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Коммерсанттың деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша қолданыстағы және келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредит бюросына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындауы мақсатында барлық заңды дереккөзден Коммерсант туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге, оның ішінде мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті сомадан асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында беруге;

- мына жағдайларда және тұлғаларға Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және осы заңнамадағы негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, егер Банк осындай тұлғамен(-лармен) келісім жасаса және бұл келісімнің мәні болып көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдауы табылса;

Коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Коммерсанттың кінәсінен бұзылған немесе Құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерден белгілі болған жағдайда Банк бұл үш жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро):

(а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Коммерсант туралы ақпаратты алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Коммерсант туралы ақпаратты Банкке беруіне;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Коммерсант туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

13.2. Осы арқылы Коммерсант Коммерсанттың Банкке шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша берген және болашақта беретін дербес деректер субъектілерінің<sup>1</sup> дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажет болған басқа жағдайларда, Коммерсанттың дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша келісін алдын ала алғандығын куәландырады.

13.3. Коммерсант Банктің талабы бойынша Банкке Коммерсанттың дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинап, одан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

13.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Коммерсантқа жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Коммерсант Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.

13.5. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;

- Коммерсант қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;

- Коммерсант қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне өту талаптарын өзі белгілеуге құқылы;



- дербес деректерді Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарында талап етілетін мерзімнен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

13.6. Банкті немесе Коммерсантты тарату немесе қайта құру кезінде құқықтық мұрагеріне Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер өтеді.

13.7. Шарт бойынша барлық хабарламалар, егер олар Шартта көрсетілген деректемелер бойынша жазбаша түрде қолына беру түрінде және/немесе пошта қызметі арқылы және/немесе факс және/немесе электрондық пошта арқылы жіберілсе, таңдалған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілгенін растайтын болса, онда оны тиісті түрде тиісті Тарап жіберген/тиісті Тарап алған болып саналады, Егер Шартта өзгесі арнайы белгіленбесе.

13.8. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

13.9. Шартпен реттелмеген барлық қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

**Банк:**

**«ForteBank» АҚ**

Мекенжайы: Астана қ-сы, Достық қ-сі, 8/1

БСК ІРТҮКЗКА

БСН 990740000683

БЕК – 14

Корр.шоты: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-де KZ23125KZT1001300204

Телефондары +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575 мобильді телефоннан

<sup>1</sup>Дербес деректері тиесілі жеке тұлға (өкіл, қызметкер, қатысушы /акционер, бенефициарлық меншік иесі, өзге де жеке тұлға).

**Коммерсанттың Интернет-ресурсына және әлеуметтік желілердегі парақшаларына қоятын Банктің талаптары**

Банктің Коммерсантқа қоятын бұл талаптары (бұдан әрі – Талаптар) маңызды, бірақ толық емес және Коммерсант төменде көрсетілген талаптардың, сондай-ақ Банк Коммерсантты хабардар ететін басқа да талаптардың сақталуын және сай болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Коммерсанттар ұсынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің талаптарына және ХТЖ қағидаларына сәйкес болуы керек.

1. Коммерсант Банктің Интернет-эквайринг қызметтеріне қосылған күні және одан әрі жұмыс істеген кезде Коммерсанттың Интернет-ресурсы төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1.1. Интернет-ресурстың статистикалық IP адресі болуы және ақпқы хостингінде орналастырылуы керек. Интернет-ресурс екінші деңгейлі доменде орналасуы керек.

1.2. Интернет-ресурстың жұмысына қатысты барлық беттер, функционал, ішкі сілтемелер бір домендік атау астында болуы және жұмыс тәртібінде (пайдалану/ашу/оқу үшін қол жетімді) болуы керек. Ақпараттың бір бөлігін, функционалдық мүмкіндіктерін, сатып алушыларға қызмет көрсету талаптары мен қағидаларын басқа домендік атаудағы беттерде орналастыруға болмайды.

1.3. Интернет-ресурста жұмыс істемейтін беттер, бағыты олардың атауына сәйкес келмейтін сілтемелер, сондай-ақ басқа сайттарға қайта бағыттайтын беттер/сілтемелер (қайта бағыттаудың нақты нұсқауынсыз) болмауы керек.

1.4. Коммерсанттың интернет-ресурсында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпаратты қамтитын сілтемелер және/немесе сайттардың баннерлері, сондай-ақ баннерлік желілердің сілтемелері болмауы керек.

1.5. Коммерсанттың интернет-ресурсында міндетті түрде келесі ақпарат орналастырылуы керек:

1) Коммерсанттың қызмет түрін сөзсіз сәйкестендіретін және ұсынылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер туралы толық ақпаратты қамтитын Коммерсант туралы анықтамалық ақпарат;

2) Коммерсант туралы деректер (атауы/Т.А.Ә., мекенжайы, ЖСН/БСН, байланыс телефоны, электрондық поштасының адресі және т.б.);

3) Карточка ұстаушыға (клиент) арналған тіркеу нысаны (-дары);

4) сатылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің ерекшеліктерінің толық сипаттамасы;

5) тауар/жұмыс/қызметтің ұлттық валютадағы құны;

6) тауар/жұмыс/қызмет ақысын төлеу тәсілі;

7) Карточка арқылы төлем жасау тәртібі;

8) тауарды қайтару/жұмыстарды/қызметтерді тоқтату саясаты мен тәртібі;

9) тауарды жеткізу/қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау талаптары, сонымен қатар жеткізу мерзімдері;

10) төлеммен байланысты проблемалар туындаған жағдайда Карточка ұстаушының әрекеттері туралы;

11) дербес деректерді өңдеу тәртібі туралы және Карточка ұстаушы Интернет-ресурсты пайдалану кезінде алған деректердің құпиялылығын сақтау туралы ереже;

12) Карточкаларды пайдалана отырып жүргізілетін операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы ақпарат;

13) клиенттерді қолдау қызметінің байланыс ақпараты, электрондық пошта адресі мен телефон нөмірі; Карточкаларын Коммерсант қабылдайтын ХТЖ логотиптері бар суреттер және басқа төлем тәсілдері (тек интернет-дүкендер үшін). ХТЖ және Банк логотиптері Карточка ұстаушыларды бизнестің кімнің атынан жүргізіліп жатқанына қатысты жаңылыстырмауы керек;

14) Банк логотипі және Банк ресурстарына URL сілтемесі <https://forte.kz/> бар сурет.

1.6. Қажет болған жағдайда Интернет-ресурста мемлекеттік орган берген лицензиялар, рұқсаттар, сондай-ақ сатылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер бойынша өндірушісі, құқық иесі берген ақпарат орналастырылуы тиіс.

1.7. Коммерсанттың әлеуметтік желідегі парақшасында келесі ақпарат орналастырылуы керек:

1) Коммерсант туралы оның қызмет түрін нақты сәйкестендіретін және ұсынылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер туралы толық ақпаратты қамтитын анықтамалық ақпарат;

2) Коммерсант туралы деректер (атауы/Т.А.Ә., мекенжайы, байланыс телефоны және т.б.);

3) сатылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің ерекшеліктерінің сипаттамасы;

4) тауар/жұмыс/қызметтің ұлттық валютадағы құны;

- 5) Карточка деректемелерін қолданумен тауар/жұмыс/қызмет ақысын төлеу тәсілі;
  - 6) тауарды жеткізу/қызмет көрсету/жұмыстарды орындау талаптары.
2. Интернет-ресурс және әлеуметтік желілердегі парақшаларды тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің келесі санаттарын сату үшін пайдалануға болмайды:
- 2.1. Тыйым салынған қызмет түрлері:
- 1) чек бойынша қолма-қол ақшаны/бизнес кепілдіктерін алу қызметтері;
  - 2) қаржы пирамидалары, желілік маркетинг;
  - 3) зияткерлік меншік құқығын бұзу немесе сату;
  - 4) дербес деректері бар дерекқорын сату;
  - 5) қорлайтын материалдарды тарату (мысалы, адамгершілікке нұқсан келтіретін тауарлар, этникалық немесе нәсілдік жағынан қорлайтын материалдар, нацистік естелік заттар, зорлық-зомбылықты, этностық араздықты, өшпенділікті, нәсілшілдікті үгіттейтін тауарлар, жәбірлейтін және балағаттайтын сөздер және тіл тигізу);
  - 6) заңсыз әрекетті ынталандыратын немесе басқаларды заңсыз әрекетке итермелейтін материалдар мен тауарлар;
  - 7) елдің мәдени құндылықтарын құрайтын тарих пен өнер заттарын сату;
  - 8) заңсыз саудаға, қаржылық алаяқтыққа, заңсыз жолмен алынған ақшаны жылытатуға және заңдастыруға қарсы күрес мақсатында меншік иесінің жеке басын дұрыс сәйкестендіруді қамтамасыз етпейтін қаржылық немесе төлем құралдары, есепке алу жүйелері;
  - 9) порнография, сексуалдық бағыттағы контент, «ересектерге арналған тауарлар»;
  - 10) темекі өнімдерін және алкогольдік сусындарды сату;
  - 11) улы заттарды, есірткі мен психотроптық заттарды сату;
  - 12) рецептік дәрі-дәрмектерді (ББК, емдік шөптер және т.б.) сату;
  - 13) марал шаруашылығынан алынған дәрілік шикізатты (мүйіз және эндокриндік шикізат) сату;
  - 14) адам ағзалары мен қалдықтарын сату;
  - 15) мемлекеттік айырым белгілерін, үкімет құжаттарын, униформаларды, үкіметтік жеке куәліктер мен лицензияларды, сондай-ақ полицияға қатысты тауарларды сату;
  - 16) контрафактілік, бұрмаланған тауарларды/қызметтерді сату;
  - 17) бағалы және сирек кездесетін жер металдарын, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ құрамында бағалы және сирек кездесетін жер металдары мен асыл тастар бар қалдықтарды сату;
  - 18) уран мен олардан бөлінетін басқа да материалдар мен олардан жасалған өнімдерді сату;
  - 19) радиоактивті заттар мен изотоптар қолданылған аспаптар мен жабдықтарды, рентген жабдығын сату;
  - 20) радиоактивті материалдардың, жарылғыш заттардың қалдықтарын сату;
  - 21) құқық қорғау органдары тыйым салған атыс қаруы мен олардың қосалқы бөлшектерін, оқ-дәрілерді, суық қаруды, әскери техниканы, жарылғыш заттар мен жару құралдарын, уландыратын заттар мен олардан қорғайтын құралдарды, ракеталық және ғарыштық кешендерді, әскери мақсаттағы байланыс пен басқару жүйелерін, шифрлау техникасын, сондай-ақ жоғарыда аталған құрылғыларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы сату;
  - 22) ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының нәтижелерін, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы құру бойынша іргелі іздестіру зерттеулерін сату;
  - 23) арнайы техникалық құралдарды (әзірленген, бейімделген, бағдарламаланған) сату:
    - акустикалық ақпаратты жасырын алу және тіркеу үшін;
    - жасырын визуалды бақылау мен құжаттама үшін;
    - телефон арқылы сөйлесулерді жасырын тыңдау үшін;
    - техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын ұстап алу және тіркеу үшін;
    - көлік құралдары мен басқа объектілердің қозғалысын жасырын бақылау үшін;
    - үй-жайларды, көлік құралдарын және басқа объектілерді жасырын тексеру үшін;
    - сондай-ақ осы құралдарды өндіріп шығару мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттама;
  - 24) бір немесе бірнеше радиотаратқыш құрылғылардан тұратын жоғары жиілікті құрылғыларды және (немесе) олардың комбинацияларын және 9 кГц жоғары жиілікте радио толқындарын таратуға және қабылдауға арналған көмекші жабдықты сату;
  - 25) құлыптарды бұзуға және ашуға арналған құрылғыларды сату;
  - 26) мынадай басқа тауарларды/қызметтерді сату, олардың еркін сатылуына:
    - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынса немесе шектелсе;
    - Банктің немесе халықаралық төлем жүйелерінің іскерлік беделіне теріс әсер ететін болса.

2.2. High-Brand Risk жататын Коммерсанттардың (МСС) қызмет санаттары:

- 1) 5122, 5912 (Дәрілер, оларды тарату, Дәріханалар) – Онлайн ортада фармацевтикалық дәрі-дәрмектің сатылуы;
- 2) 5962 (Тікелей маркетинг – туризмге қатысты қызметтер) – Онлайн ортада шығыс телемаркетингілік қоңыраулар немесе жаппай электрондық таратылым арқылы таймшер және дисконттық саяхат клубтары сияқты саяхатқа байланысты қызметтерді сату;
- 3) 5966 (Тікелей маркетинг - шығыс телемаркетинг) – қашықтағы телемаркетингін қолдану арқылы онлайн

- ортада тауарлар мен қызметтерді сату; мысалы, оларға тыйым салынбаған техникалық қолдау қызметі немесе кредит карточкаларын қорғау сияқты қызметтер жатады;
- 4) 5967 (Тікелей маркетинг – кіріс телемаркетинг), 7841(Видеопрокат) – онлайн ортада интимдік сипаттағы ересектерге арналған контентті және/немесе қызметтерді сату, олар мыналарды қамтуы, бірақ шектелмеуі мүмкін: жазылым арқылы веб-сайтқа өту, ағынды видео, бейнетаспалар мен DVD сату және немесе жалға беру;
  - 5) 5968 (Тікелей маркетинг – Жазылым бойынша сату) – Тауарды тұрақты немесе мерзімді түрде алу үшін онлайн ортада жазылымдарды сату (мысалы, айына бір рет немесе жылына екі рет);
  - 6) 5993 (Темекі дүкендері) – Онлайн ортада темекі өнімдерін, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, темекі, сигара, шылым, электронды никотин жеткізу жүйелерін (электронды шылымдар) және темекі шегуге арналған барлық керек-жарақтарды сату;
  - 7) 7273 (Танысу) – онлайн ортада, сонымен қатар, компьютерлер, жеке бейнелер, танысу сервистері, хабарландыруларды орналастыру немесе танысу веб-сайттарына жазылу арқылы танысу және еріп жүру (эскорт) қызметтерін ұсыну;
  - 8) 9754, 7800, 7801, 7802, 7995, 9406 (Құмар ойындары) – ойын қызметіне байланысты, казино, ипподромдар, карта салондары, әуе компаниялары және т.б. сияқты ұтыс тігу немесе бәс тігу мекемелері ұсынатын ұтыстарды орналастыру, фишкалар, лотерея билеті немесе құмар ойындары үшін қолданылатын басқа да құндылықтарды сатудан тұратын онлайн ортадағы кез келген транзакция;
  - 9) 5816 (Цифрлық тауарлар – ойындар), 7994 (Бейнеойындар клубы) – зияткерлік сипаттағы ойын қызметтерін сату. Қатысушылар ойын ақысын төлейтін және ойынның нәтижесі сәттілікпен емес, қатысушылардың шеберлігімен анықталатын виртуалды спорттық ойындар сияқты шеберлік ойындары, бұл ретте, жеңімпаз қолма-қол ақша және/немесе ақшалай жүлде алуы мүмкін;
  - 10) 4816 (Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер, файл алмасушылар) – онлайн ортада сақтау орны және файл алмасу сияқты онлайн сервистерді сату;
  - 11) 6051 (Квази-Кэш – Қаржылық емес мекемелер) – онлайн ортада қаржылық емес мекемелерде шетел валютасын, ақшалай емес валютаны (мысалы, криптовалюта), жол чектерін сату, ақша аударымдары мен борышты өтеуді жүзеге асыру, шотты қаржыландыру (Stored Value Load емес), электронды әмияндарды, сауда шоттарын толықтыру және басқа квази-кэш операциялары;
  - 12) 6211 (бағалы қағаздар нарығындағы брокерлер қызметі) – СР және онлайн ортада бинарлы опциондарды, айырма туралы келісімшарттарды, FOREX опциондарын, криптовалюта опциондарын, криптовалюталарды тікелей немесе жанама сату.

**Интернет эквайрингі қызметтері бойынша сауда және сервис кәсіпорындарына (коммерсант) қызмет көрсету шартының жалпы талаптарының № 2 қосымшасы**

Бұл қосымша Банктің **Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды** жүргізуге қойылатын қосымша талаптарын белгілейді, оларды Коммерсант Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүзеге асыру арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын қабылдаған кезде сақтауы тиіс. Бұл ретте осы Талаптар маңызды, бірақ түпкілікті емес және Коммерсант төменде көрсетілген талаптардың, сондай-ақ Банк қосымша хабарлайтын басқа талаптардың орындалуын және сай болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу қызметіне қосылу Банктің техникалық мүмкіндігінің болуына қарай жүзеге асырылады.

2. Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу қызметіне қосылу үшін Коммерсант өтінімді қағаз нұсқада ресми хат арқылы жібереді. Банк қызметті қосу туралы өтінімді Коммерсанттың ресми хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қызметке қосудан бас тартқан жағдайда, қосудан бас тарту туралы жауапты алғаннан кейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік ай өткен соң қайта өтінім беруге болады. Банк қызметті қосу үшін Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте Коммерсанттан қосымша құжаттар мен түсініктемелерді талап етуге құқылы.

3. Коммерсант Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу кезінде төмендегі талаптардың барлығын орындауын қамтамасыз етуі тиіс:

3.1. Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізбес бұрын Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасында келісім жасалады, ол Коммерсанттың Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу құқығын тікелей көздейді (бұдан әрі – Келісім);

3.2. Келісім келесі талаптардан құралуы тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы бар болса);
- 2) төлем жүйесінің атауы;
- 3) Коммерсанттың атауы және орналасқан мекенжайы;
- 4) тауар/жұмыс/қызмет атауы және құны;
- 5) Карточканың алғашқы алты және соңғы төрт нөмірі;
- 6) Карточканың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні;
- 7) Карточканың деректемелері қолданылады деп жобаланған мерзім және егер бұл алдын ала белгілі болса, бір жылдан аспайтын аралықтағы кейінгі Карточкалық операцияларды жүргізу күні немесе жиілігі;
- 8) Келісімнің қолданылу мерзімі;
- 9) Карточка бойынша алғашқы операция күні;
- 10) кейінгі Карточкалық операциялар валютасының атауы немесе егер Келісімді ресімдеу кезінде сомалардың мәні белгісіз болса, бұл сомаларды анықтау тәртібі;
- 11) алдағы Карточкалық операциялар бойынша тоқтату және қайтару тәртібі;
- 12) Рекуррентті/Қайталанатын операцияларға берілген келісімді қайтарып алу тәртібі;
- 13) Карточка ұстаушыны Карточкалық операцияны жүзеге асырудың сәтсіз әрекеті туралы хабардар ету тәсілі;
- 14) Карточка ұстаушының электронды поштасының адресі;
- 15) Карточка ұстаушының байланыс телефоны;
- 16) Карточка ұстаушының Келісім талаптарымен айқын нысандағы келісімі, сонымен қатар, Карточка ұстаушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі;
- 17) Карточка ұстаушыға Рекуррентті/Қайталанатын операциялар арқылы төленетін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді тұрақты түрде ұсыну.

3.3. Келісім Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу кезінде жарамды;

3.4. Жасалған Келісімдерді тиісті Келісімнің қолданылу мерзімі бойы, сондай-ақ Келісімнің қолданысы тоқтатылған күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн бойы сақтауға;

3.5. Карточка ұстаушының атына электронды пошта арқылы немесе Карточка ұстаушымен келісілген басқа тәсілмен Рекуррентті/Қайталанатын операциялар жүргізу туралы хабарлама жіберуге;

3.6. Карточка ұстаушыға Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізуден бас тарту мүмкіндігін беруге;

3.7. Карточка ұстаушыдан Келісімді бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде осындай Келісімде көзделген барлық кейінгі Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды тоқтатуға;

3.8. Карточканы ұстаушыға Келісімде көзделген Рекуррентті/Қайталанатын операцияны жүзеге асыру күнінен 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын электрондық пошта арқылы немесе Карточканы ұстаушымен келісілген басқа тәсілмен алдағы Рекуррентті/Қайталанатын операция туралы еске салу хабарламасын жіберуге;

3.9. Коммерсант Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу кезінде Карточканың кез келген деректерін сақтауға құқылы емес.



4. Банк кез келген уақытта, себептерін түсіндірусіз, Коммерсантқа Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүргізу мүмкіндігіне техникалық жағынан тыйым салуға құқылы, мұндай бұғаттау туралы Коммерсантқа хабарлауы тиіс.
5. Банк Коммерсантқа Рекуррентті/Қайталанатын операция бойынша өтеу сомасын аударудан бас тартуға, сондай-ақ Шартта белгіленген негіздер бойынша және тәртіпте, сондай-ақ Коммерсант осы Қосымшаның талаптарын сақтамаған жағдайда, бұрын аударылған өтемді қайтаруын талап етуге құқылы.
6. Рекуррентті/Қайталанатын операция жарамсыз болып танылады, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, Шарттың 5-бабымен, егер:
  - 6.1. Операция тұрақты, бірақ оның орындалуын көздейтін Келісім жасалмаған және/немесе Шарт талаптарын бұзумен жасалса;
  - 6.2. Рекуррентті/Қайталанатын операцияны жүргізу кезінде Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған немесе мерзімінен бұрын бұзылған болса;
  - 6.3. Жүргізілген Рекуррентті/Қайталанатын операцияның параметрлері Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмесе.

### **Токен арқылы төлемді қабылдауға Банктің қоятын талаптары**

Бұл Қосымша Токен арқылы төлем қабылдауға қойылатын Банктің қосымша талаптарын белгілейді, Ұйым бұл талаптарды Токен арқылы тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеуді қабылдаған кезде сақтауға міндетті. Бұл ретте осы Талаптар маңызды, бірақ түпкілікті емес және Ұйым Коммерсанттың төменде көрсетілген талаптарға, сонымен қатар Банк Ұйымға қосымша хабарлайтын басқа да талаптарға сай болуын және орындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Токен арқылы төлем қабылдау қызметіне қосылу Банктің техникалық мүмкіндігі болған жағдайда жүргізіледі.
2. Токен арқылы төлем қабылдау қызметіне қосылу үшін Ұйым қағаз жеткізгіштегі ресми хатты жіберу арқылы өтінімді жолдайды. Банк Ұйымның ресми хаты түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызметті қосу туралы өтінімді қарастырады және қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.
3. Қызметті қосуға бас тартқан жағдайда қайталама өтінім сол бас тартуды алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан ерте емес мерзімде жіберілуі мүмкін. Банк қызметті қосу үшін Ұйымнан Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте қосымша құжаттарды, түсініктерді сұратуға құқылы.
4. Карточканы ұстаушы Коммерсанттың Интернет-ресурсында Банктің Токендеу жүйесі арқылы Токендеу процедурасы арқылы Токенді шығаруға бастамашылық жасайды.
5. Карточканы ұстаушы ол үшін Токен шығарылған Интернет-ресурста ғана Токен арқылы төлемді жүргізе алады, егер Банк басқа талаптарды қарастырмаса.
6. Карточканың Токені Эмитенттің төлемін сәтті авторизациялаудан кейін ғана шығарылады.
7. Ұйым Токен арқылы төлемдерді қабылдағанда төменде көрсетілген талаптардың сақтауын қамтамасыз етуге міндетті:
  - 7.1. Токен арқылы төлемді қабылдағанға дейін Коммерсант пен Карточканы ұстаушы арасында келісім жасалады, бұл келісім Коммерсанттың Токен арқылы төлемді қабылдауға құқығын қарастырады (бұдан әрі – Келісім);
  - 7.2. Келісім келесі талаптарды қамтуы тиіс:
    - 1) Карточканы ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы бар болса), ЖСН;
    - 2) төлем жүйесінің атауы;
    - 3) Коммерсанттың атауы және орналасқан мекенжайы;
    - 4) тауардың/жұмыстың/қызметтің атауы және құны;
    - 5) Келісімнің қолданылу мерзімі;
    - 6) Токенді бұғаттау/жою тәртібі;
    - 7) Карточка ұстаушыны операцияның сәтсіз жүргізілгені туралы хабардар ету әдісі;
    - 8) Карточка ұстаушының электрондық пошта адресі;
    - 9) Карточка ұстаушының байланыс телефоны;
    - 10) Карточка ұстаушының Келісімнің талаптарымен анық түрде келісуі, сонымен қатар Токенді генерациялауға және Карточка ұстаушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге рұқсат беруі.
  - 7.3. Токен арқылы төлем қабылдау сәтіндегі Келісім қолданыстағы келісім болып табылады;
  - 7.4. Жасалған Келісімдерді тиісті Келісімнің қолданылу мерзімі бойы, сонымен қатар қолданылу мерзімі тоқтатылған сәттен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтау.
  - 7.5. Карточканы ұстаушыға Токенді бұғаттау/жою мүмкіндігін қамтамасыз ету.
  - 7.6. Коммерсант Токен арқылы төлемді қабылдағанда Карточканың қандай да бір деректерін сақтауға құқылы емес.
  - 7.7. Коммерсантқа Токен арқылы төлемдерді қабылдауға және генерациялауға арналған электрондық терминалдар арқылы операциялардың басқа түрлерін жүргізуге тыйым салынады.
8. Банк Коммерсантқа және/немесе Ұйымға кез келген сәтте, себебін түсіндірмей Токен арқылы төлемді қабылдау техникалық мүмкіндігін бұғаттауға құқылы, бірақ бұл бұғаттау туралы Ұйымға хабарлауға тиісті.
9. Банк Ұйымға Токен арқылы жүргізілген Карточкалық операция бойынша өтеу сомасын аударудан бас тартуға, сонымен қатар Шартта белгіленген негіздер бойынша және тәртіпте, сонымен қатар Коммерсант және/немесе Ұйым осы Қосымшаның талаптарын орындамаған жағдайда бұрын аударылған өтеу сомасын қайтарып алуды талап етуге құқылы.
10. Токен арқылы төлем жүргізу Шарттың 5-бабымен қоса, бірақ шектелмей жарамсыз болып танылады, егер:
  - 10.1. Токен арқылы төлемді қабылдау сәтінде Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған болса;
  - 10.2. Жасалған операцияның параметрлері Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмесе.

**Интернет эквайрингі қызметтері бойынша сауда және сервис кәсіпорындарына (коммерсант) қызмет көрсету шартының жалпы талаптарының № 4 қосымшасы**

**Операциялар тізілімі**

Тізілімнің форматы мынадай:

Тізілім тақырып пен мәтіннен құралады.

Тақырып бір жолдан тұрады және Тізілім бойынша келесі ақпаратты қамтиды:

- DD.MM.YYYY форматында Тізілімнің құрылған күні;
- HH:MM:SS форматында Тізілімнің құрылған уақыты;
- өріс атауы;

Тізілім мәтіні тармақтардан тұрады. Бір тармақ – бір Операция. Тізілімнің әр тармағында келесі ақпарат болуы тиіс:

Өріс атауы	Өріс мазмұны	Өріс өлшемі
Өңделген күні	Операцияның соңғы өңделген күні	DD.MM.YYYY
Операция күні және уақыты	Операцияның жүзеге асырылған күні және уақыты	DD.MM.YYYY
Карта нөмірі	Операция жүзеге асырылған карта	Жартылай жасырылған карта нөмірі: 123456*****7890
Авторизация коды	Төлем жасау мүмкіндігін растау үшін Эмитент қалыптастыратын және Банк арқылы жіберілетін код	6 цифрдан құралған сандық мән
RRN	Процессингінде сәйкестендірілетін бірегей операция коды	12 цифрдан құралған сандық мән
Тип	Операция жүзеге асырылған ХТЖ картасы	ХТЖ атауы: Visa / MasterCard
Құрылғы	Операция жүзеге асырылған құрылғы (Код терминал)	Банк жүйелеріндегі терминал нөмірі
Операция сомасы	Банктің комиссиясын шегергенге дейін жүргізілген операция сомасы	Сандық мән, тұтас және бөлшек бөлігін бөлгіш «,» (123,45)
Комиссия	Алынған (ұстап қалған) Банктің комиссиясы	Сандық мән, тұтас және бөлшек бөлігін бөлгіш «,» (123,45)
Жиыны	Банк комиссиясын шегергеннен кейін өтелетін сома	Сандық мән, тұтас және бөлшек бөлігін бөлгіш «,» (123,45)
Сауда орны	Операция жүзеге асырылған интернет-дүкен	Өтінімдегі нұсқауға сәйкес